

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Басқару институты**

қолжазба құқығында

**Төлегенова Гүлфайруз Төлегенқызы**

**АТЫРАУ ОБЛЫСЫ МАХАМБЕТ АУДАНЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ АСПЕКТІЛЕРІ (ТУРИЗМ САЛАСЫ БОЙЫНША)**

«7M041 – Бизнес және басқару» бағыты бойынша  
«7M04122 - Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

7M04122 «Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы бойынша  
Бизнес және басқару магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: \_\_\_\_\_ А.А.Мусатаева, PhD

Жоба қорғауға жіберілді: « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023 ж.

Басқару институтының директоры: \_\_\_\_\_ Гаипов З.С., с.ғ.д.

**Астана, 2023**

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>4</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>5</b>
<b>НЕГІЗГІ БӨЛІМ.....</b>	<b>8</b>
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>43</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ .....</b>	<b>45</b>

## Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

«Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚР Заңы;

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 941 қаулысы;

2021 жылдың 1 шілдесінде «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қашықтан жұмыс істеудің құқықтық реттелуін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы;

«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы N 211 Заңы.

## Белгілеулер мен қысқартулар

COVID-19	- COVID-19 коронавирустық инфекция
KPMG	- Global network of professional firms providing Audit, Tax and Advisory services
АҚШ	- Америка Құрама Штаттары
АСР	- Арнайы салық режимі
ДЭФ	- Дүниежүзілік экономикалық форум
ЕДБ	- Екінші деңгейлі банктер
ЖРВИ	- Жіті респираторлық вирустық инфекция
КТС	- Корпоративтік табыс салығы
ҚҚС	- Қосымша құн салығы
ҚХР	- Қытай Халық Республикасы
МЖӘ	- Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік
МҚҰ	- Микроқаржылық ұйымдар
ШОБ	- Шағын және орта бизнес
ЭҚЖЖ	- Экономикалық қызметтің жалпы жіктелуі

## Кіріспе

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Дүниежүзілік әлеуметтік-экономикалық даму жағдайында кез-келген елдің мақсаты табыс алып келетін секторлардың жұмысын жүйелі ұйымдастырып жергілікті халықтың әлауқатын арттыруды көздейді. Сондықтан, дамыған және дамушы елдер әлеуметтік-экономикалық салаларда аз шығынмен қомақты табысқа қол жеткізетін салаларды дамытуды бірінші кезекте қарастырады. Сондай салалардың бірі туризм индустриясы болып табылады.

Туризм адамдардың тиімді демалуына, жергілікті аймақтар үшін әлеуметтік және экономикалық жағдайды жақсартуға (жаңа жұмыс көздерін ашуға) ықпал етеді. Туризм индустриясы экономиканың көптеген секторларымен және әлеуметтік секторлармен байланыста жұмыс істейді. Бұдан басқа, елге келетін туристерге қызмет көрсету орындары дамитын болады, бұл шағын және орта кәсіпорындарды дамытуға мүмкіндік береді.

Қазақстанның экономикалық секторында енді дамып келе жатқан сала болғанына қарамастан, мемлекет оны негізгі табыс әкелетін сектор ретінде қарастырады. Туристік индустрияда рухани-танымдық, демалыс, спорттық, мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру туристік орындарға деген қызығушылықты арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, біздің еліміз осындай ауқымды іс-шараларды ұйымдастырады және қонақтар мен туристерді тарту жолдарын қарастырады.

Соңғы жылдары туризм саласына қызығушылық танытатындар саны артып келеді. Өйткені, басқа мәдениет пен дәстүрлерді білу туристер үшін қызықты оқиға болып табылады. Туризмді дамытатын жобалар қазіргі уақытта танымал туристік өнімдердің біріне айналууда.

Қазіргі заманғы сұраныс деңгейі туристік өнімдерді қалыптастыруға негіз болып отыр. Зерттеу тақырыбының өзектілігі Атырау облысы, Махамбет ауданының әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын туризм саласы негізінде дамыту болып табылады.

Парламенттің жаңа сессиясының ашылуында сөз сөйлеген президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстандағы туризм туралы былай айтып өтті: «Туризмді дамыту Үкімет пен Парламенттің ерекше назарына лайық. Бұл саланың әлеуеті толық ашылған жоқ. Елде тартымды туристік орындар бар, бірақ олар әлі де қол жетімді емес. Осы саладағы елеулі серпіліс үшін бірінші кезекте инфрақұрылымдық мәселелерді кешенді шешу және сервис сапасын түбегейлі арттыру қажет. Кәсіпкерлер туризм саласында кең перспективаларды көруі үшін осындай жағдайлар жасау қажет. Бұл жұмыстың тиімділігін секторға салынған жеке инвестициялар көлемі, ішкі және шетелдік туристер саны бойынша бағалау керек». Президенттің сөзі зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 08 қарашада Атырау облысына жасаған іссапарында берілген Атырау облысында, сондай ақ Сарышықты туризм аймағына айналдыру жөніндегі тапсырмаларын орындау үшін және 2024 жылы Ұлттық Құрылтайдың Атырау облысы, Махамбет ауданы Сарышықта өтуіне, атап

айтсақ Атырау облысында туристік саланың даму стратегиясын әзірлеу маңыздылығын атап өтті.

### **Тақырыпты әзірлеу үшін негіз және бастапқы деректер.**

Тақырыпты зерттеу барысында қолданылатын негізгі құжаттардың бірі Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы Заңы; Қазақстанның туризмді дамыту бойынша саясаты, стратегиялары және олардың қызметі туралы есептерді талдау; өңірлік туризм және оның экономикадағы рөлі туралы ғылыми жұмыстарды зерттеу.

Соның ішінде А.А. Каирова [1], В.А. Кораблев [2], Н.Д. Кенжебеков [3], Г. И. Ешенкулова [4], Е.А.Вечкинзова, А.С. Дарибекова [5], С. В.Пашков, Г. З.Мажитова [6], А.Т.Игенов, Р.С.Туяков, К.П. Мусина [7], Д.Г. Мамраева, Л.В. Ташенова [8], Ж.Аубакирова, А.Айтбембетова [9] еңбектерінен байқаймыз. Ғылыми еңбектерден бөлек, мәдениет саласындағы театр қызметі мен мемлекеттік саясатқа қатысты БАҚ-тағы жарияланымдар талданды.

**Осы зерттеу жұмысын жүргізу қажеттілігі.** Біріншіден, туризм әлемдік экономиканың қарқынды дамып келе жатқан секторларының бірі болып табылады және оның дамуы Махамбет ауданының экономикалық жағдайын едәуір жақсартып алады. Бұған жаңа жұмыс орындарын құру, кірістерді көбейту және жергілікті бизнесті ынталандыру кіреді.

Екіншіден, осы аймақтағы туризмнің дамуы аймақтың тарихи және табиғи көрікті жерлеріне назар аудара отырып, мәдени және табиғи мұраны сақтауға ықпал етуі мүмкін. Бұл өз кезегінде халықтың хабардарлығын арттырып, осы ресурстарды жақсы қорғауға әкеледі.

Үшінші себеп әлеуметтік аспектілерге қатысты. Туризмді дамыту инфрақұрылымды жақсарту және туристік қызметпен қатар жүретін әртүрлі қызметтер мен ыңғайлылықтарға қол жеткізу арқылы жергілікті халықтың өмір сүру сапасын жақсартып алады.

Сонымен қатар, зерттеу экологиялық қауіптер мен әлеуметтік өзгерістер сияқты туризммен байланысты ықтимал проблемалар мен тәуекелдерді анықтауға көмектеседі. Зерттеу туристер мен инвестицияларды аймаққа тартуға бағытталған тиімді маркетингтік және стратегиялық жоспарларды әзірлеуге ықпал етуі мүмкін, бұл оның одан әрі өркендеуі мен дамуына ықпал етеді.

**Жобаның мақсаты:** Туризмді дамыту арқылы Атырау облысы Махамбет ауданының әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру бойынша тәжірибелік ұсынымдар әзірлеу.

### **Жобаның міндеттері:**

1. Туризм саласының теориялық аспектілерін зерттеу;
2. Туризм саласын дамытудың озық шетелдік тәжірибесін зерделеу;
3. Қазақстанда, оның ішінде Атырау облысы Махамбет ауданында туризмнің әлеуетін талдау;
4. Атырау облысы Махамбет ауданында туризмді дамыту арқылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру бойынша тәжірибелік ұсынымдар әзірлеу.
5. Махамбет ауданындағы республикалық ескерткіш ортағасырлық Сарайшықты туризм аймағына айналдыру жолдарын жетілдіру.

**Зерттеу объектісі** - Атырау облысы Махамбет ауданындағы туризм саласы.

**Зерттеу пәні** – Атырау облысы Махамбет ауданында туризмді дамыту арқылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру бойынша құралдар мен тетіктер.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу жобасы аясында зерттеу әдістерінің кешенін пайдалану көзделеді. Бұған туризм саласының негіздерін айқындау үшін теориялық талдау, осы саладағы халықаралық тәжірибені салыстырмалы талдау, статистикалық деректерді жинауды қоса алғанда, Қазақстандағы туризмнің қазіргі жай-күйіне эмпирикалық талдау.

**Зерттеудің гипотезасы.**

Зерттеу гипотезасы туризмді дамыту Атырау облысы Махамбет ауданының әлеуметтік-экономикалық әлеуетін едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы:**

Бұл зерттеу барысында жасалған ұсынымдар уәкілетті мемлекеттік органдардың іс-әрекетінде қолданылуы мүмкін.

## Негізгі бөлім

### Әдебиеттерге шолу

Қазіргі уақытта туризм барлық елдерде әртүрлі деңгейде дамып жатқаны анық. Туризм – жергілікті билік органдары, жергілікті тұрғындар және туристтердің туристік қызметтегі үрдістердегі өзара қарым қатынасының жиынтығы. Туризм – экономиканың қарқынды дамып жатырған саласы. Қазақстанның туристік дестинациялары әлемдік туризм нарығына шықпағанымен, еліміз табиғи ресурстар, мәдени табиғи құндылықтарымен жоғары потенциалға ие болуға болады.

Туризм – туристің тұрақты тұрғылықты жерін ауыстыруға байланысты емес саяхатта уақытша болуы.


Турист – уақытша болатын елге (жерге) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейінгі кезеңге келетін және ақылы қызметпен айналыспай, сол елде (жерде) сауықтыру, танымдық, кәсіби–іскерлік, спорттық, діни және өзге де мақсаттарда кемінде бір рет түнейтін жеке тұлға.

Жоғарыдағы ғалымдардың пікіріне келісеміз, себебі туризм түсінігі кеңінен талқыланады, әрбір елдің өзіндік туризмді қалыптастыру тұжырымы қалыптасқан. Ресейлік ғалымдардың пікірінше жергілікті тұрғындардың әлеуметтік экономикалық дамуына оң әсер ететін белгілі бір тұрғындардың келуін атайды. Алайда Заңда басқаша айтылады. Біз заң тұрғысынан да ғалымдардың пікіріне де қосыламыз, себебі туризмнің елдің әлеуметтік–экономикалық көрсеткіштерінің оң дамуы мен келешегін қалыптастыруда рөл атқаратыны анық. Ғалымдар өздерінің ғылыми мақаласында тек қана туризм түсінігін келтіріп қана қоймай, туризмнің экономикаға, әлеуметтік-мәдени әсеріне, саяси әсеріне тоқталып өткен.

Экономикаға әсері. Туризм – бұл тек қана саяхаттау немесе қыдыру ғана емес, сондай ақ экономиканың басты сферасы болып табылады. Туризм индустриясы–туризм индустриясы өнімдері мен қызметтерінен бастап туроператор тұтынушы үшін тартымды туристік өнімді жасайтын әртүрлі салалардың кәсіпорындарын қамтиды. Туризм индустриясы елге қаржылық ресурстардың ағынын алып келеді. Ол тек қана туристік фирмаларға ғана кіріс әкелмейді, сонымен қатар салық түсімдерінің түсуін, азық–түлік тауарларының, сұранысының және әртүрлілігінің болуын, (транспорт, қонақүй шаруашылығын, байланыс, сауда және қоғамдық тамақтану, сувенирлер өндірісінің дамуы және т.б). Туристерге қызмет көрсету-жергілікті тұрғындарға кіріс көзі деп айтуға болады [10].

Айтылған қызмет көрсету түрі – ірі бастапқы инвестицияны қажет етпейді. Туризмнің дамуы- жаңа жұмыс орындарының ашылуын және жергілікті тұрғындардың жұмыспен қамтылуын қаматамасыз етеді (Сурет 1).





Сурет 1 - Туризмнің экономикаға әсері  
Ескертпе: автормен [10] дереккөз негізінде құрастырылған

Әлеуметтік-мәдени әсері- туризмнің дамуы халыққа әлеуметтік- мәдени жүйенің дамуына, өмір сүру деңгейін көтереді, инфраструктураның жаңғыруына әкеледі. Саяси әсері- туризм елдің, сондай ақ әлемдік қауымдастықтағы және қатардағы азаматар арасында да беделін көтереді. Ол өңірлер арасындағы, әлемдік достықтар байланысын, халықтық дипломатияның дамуын, мемлекет пен өңірлер арасындағы қарым-қатынасты нығайтады. Туризм дамуының сатысы қоғамның жағдайының көрсеткішін көрсетеді, танымдық саулығы мен материалдық жетістігін көрсетеді.

Туризм бірнеше бағыттарда және де нысандарда көрінеді, сондықтан да айтар болсақ оған дәл әрі толықтай анықтаманы беру мүмкін емес. Сондай ақ, туризмнің жалпы түсінігінің сипаты және де мүмкіндігінше дәл анықтамасы аталған себептерге байланысты қажет болып табылады:

А) әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде туризмнің даму бағытын зерделеу, талдау және болжау негізінде;

В) туризм саласын барынша дәлдік ретпен статистикалық зерттеу жолында;

Туризмнің ең негізгі бағыттарын білу үшін күні бүгінде пайдаланып келе жатырған бірінші және ең нақты анықтамаларының бір көрсеткішін Берн университетінің (Швейцария) профессорлары Хунзикер мен Крапф айтқан, артынан Халықаралық ғылыми туризм сарапшыларының бірлестігі қабылдаған [11].

Туризм – бұл адамдардың белгілі бір жерде тұрақты тұруына әкелмейтін

және олардың қандай да бір пайда (кіріс) алуымен байланысты болмаса, олардың саяхаты нәтижесінде пайда болатын құбылыстар мен қатынастар тізбегі.

Аталған анықтама күндізгі экскурсияларға, атап айтар болсақ кірісті болжайтын саяхаттарға, тіптен ол қабылдаған елде алынбаған уақытта да пайдаланылмайды. Айта кетер болсақ, іскерлік бағыттағы саяхат пен рахаттану үшін жасалып жатырған саяхатты ажырату біз үшін өте қиынға соғады, себебі саяхаттардың басым көпшілігі аталған екі бағыттың біріктірілген үйлесімі болып табылады. Уақыттың легіне қарай туризмнің басты концепциясының кеңейіп, елімізде үнемі болу жағын қамтамасыз етпей және пайда табуды ойламайтын іскерлік саяхаттың негізгі бағыттарын қамтыры сөзсіз.

Туризм бағытының экономикалық бағыттағы бағдарларының ішіндегі концептуалды негізде 5 негізгі тармақтарын атап өтуіміз керек:

А) туризмнің адамдардың жан-жақты туристік бағыттар негізінде қозғалысының үрдісі және қорытындысы ретінде:

В) туризмнің басты екі басты тарауларын анықтау: демалыс орынына қыдыру және сол жақта болуды;

С) саяхаттау дегеніміз- тұрып жатырған елінен кетуді білдіреді;

Г) туристердің жан-жақты туристік орталықтарға реттілігі бір мезгілді керек етеді, олардың үнемі тұратын тоқтаған жеріне бірталай күндерді, аптаны немесе бірнеше айдан кейін қайтатынын ұғындырады;

Д) экскурсия – бұл дегеніміз- туристік орталықтарда үнемі тұратын жері жоқ, қосымша табысын қамтуға арналмаған саяхатты білдіреді.

«Туризм» түсінігінің басты элементтеріне тоқталсақ:

Турист, туризм түсінігі, өзіндегі рекреациялық керек компоненттерді қанағаттандыруға негізделген адам өзінің жан -жақтылығымен көрінеді. Турист негізі демалыс бағытын таңдап, сонымен қатар оның іске асатын қызметтердің түрлерін айқындайды [12].

1 –кесте - Әлемнің жеке аймақтарының туристер үшін қызығушылық тудыратын факторлар сипаты

Аймақтар	Тартымдылығының арту факторлары
1	2
Оңтүстік американдық елдер Бразилия	1.Амазония бойымен өткізілетін турлар 2. Экзотикалық табиғат 3. Ел астанасының қазіргі заманғы архитектурасы және дизайны
Европалық елдер Франция, Англия, Германия, Финляндия, Швеция	1.Тарихи және мәдени орындардың жоғары концентрациясы 2. Жеңілдетілген визалық тәртіп 3. Жоғары деңгейдегі сервис
Жерорта теңізіндегі елдер Кипр	1. салық салудың тиімді жүйесі 2.Қазіргі заманғы банктік жүйе 3.Ұйымдастырылған телекоммуникация құрылымы 4.Оффшорлық компания құрудың жеңілдетілген

1-кесте- жалғасы

	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. салық салудың тиімді жүйесі</li> <li>2.Қазіргі заманғы банктік жүйе</li> <li>3.Ұйымдастырылған телекоммуникация құрылымы</li> <li>4.Оффшорлық компания құрудың жеңілдетілген түрі</li> <li>5.Мемлекет тарапынан компанияның банктегі есепшоттары жайлы мәліметтерді құпияда ұстауы</li> <li>6.Зиярат ету туризмінің артуы</li> <li>7. Емдеу орталықтарының көптігі</li> <li>8.Төрт теңіз турлары</li> <li>9.Жастар лагерінің болуы</li> <li>10.Іскерлік қатынастың артуы</li> <li>11.Туризм инфрақұрылымының дамығандығы</li> <li>12.Қызмет көрсетудің жоғары деңгейі</li> <li>13.Ыңғайлы климат</li> <li>14.Туристік маусымның ұзақтығы</li> <li>15.Теңіз жағалауындағы демалыс және көрікті табиғатты қараудың үйлесімділігі</li> </ol>
<p>Жерорта теңізіндегі елдер Кипр Азиаттық Біріккен Араб Әмірліктері</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Электроника және тұрмыстық заттар бағасының төмендігі</li> <li>2.Жоғары деңгейлі сервис</li> <li>3.Минималды салықтар</li> <li>4.Визалық тәртіптің жеңілдетілуі</li> <li>5.Экзотикалықтабиғат және мәдениет</li> <li>6.Саяси тұрақтылық</li> <li>7.Аустралияға ұшқан туристер үшін ыңғайлы транзиттік жол</li> <li>8.Қыстағы «жағажайлық» демалыстың басты бағыты</li> </ol>
<p>Ескертпе: автормен [12] дереккөз негізінде құрастырылған</p>	

Қазіргі заманауи жахандық интеграция үрдістерінің өзара халықаралық туризмге орай қатынастарды құқықтық жағынан реттеу өте өзекті мәселе болды. Туризм саласын айтар болсақ, қызметтерді, тауарларды, валютаны, жұмыс орындарын сондай-ақ инвестицияларды генерациялайтын экономикалық бағыттағы белсенділіктің негізгі көзі болып табылады. «Турист» түсінігіне 1963 жылғы БҰҰ-ның Рим конференциясы болған уақытта анықтама берілді.

Туризм заңдылығына тоқталатын болсақ, «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы N 211 Заңына сәйкес «туризм – туристің тұрақты тұрғылықты жерін ауыстыруға байланысты емес саяхатта уақытша болуы» деп анықталған [13].

Жалпы, туризм саласы қызмет көрсетумен байланысты болғандықтан, қызмет көрсету аспектілерін де қарастырған жөн:

1. тұратын орындар беру жөніндегі қызмет көрсету;
2. тамақтандыру жөніндегі қызмет көрсету;
3. ақпараттық, жарнамалық қызмет көрсету;

4. көлік қызметін көрсету бағыттары

5. көліктің барлық түрлеріне билеттерді және іс-шараларға баруға билеттерді беру бойынша (броньға қоюды, сатуды және жеткізуді қоса алғанда) көрсетілетін қызметтер;

6. Көрсетілетін ойын-сауық қызметтері;

7. Туристік қызмет көрсету шартында көзделген өзге де туристік көрсетілетін қызметтер.

Яғни, туристерді тарту үшін жоғарыда көрсетілген қызмет көрсету аспектілерін пайдалана білу аса маңызды. Жоғары аталған Заңға сәйкес туристік қызметтерді ұйымдастыру бойынша ішкі туризмді дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған ұйымның өкілеттіктеріне келесілер жатқызылған:

1) келу туризмі мен ішкі туризмді дамытуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасын және оның туристік мүмкіндіктерін халықаралық және ішкі туристік нарықтарда, оның ішінде ұлттық туристік порталды пайдалану мен дамыту арқылы ілгерілетуді жүзеге асырады;

3) ұлттық туристік брендтерді әзірлейді және халықаралық және ішкі туристік нарықтарда ілгерілетеді, бекітілген қағидаларға сәйкес олардың тізілімін қалыптастырады және жүргізеді;

4) туристік саладағы маркетингтік стратегияны әзірлейді, оның іске асырылу мониторингін үйлестіреді және жүргізеді;

5) туристік ресурстарды құруға және дамытуға қатысады;

6) Қазақстан Республикасының туристік әлеуетіне талдау жүргізеді;

7) Қазақстан Республикасының аумағында кәмелетке толмаған жолаушыларды әуемен тасымалдау кезінде туристік өнімге қосылған билет құнын субсидиялауды әкімшілендіреді (Сурет 2) [13].

Қазақстан Республикасының заңнамасында туризмді «тұрақты тұрғылықты жерін өзгертумен байланысты емес туристің саяхатта уақытша болуы» деп түсіндіріледі.

Грузия елінің заңнамасына сәйкес, туризм - тұлғаның тұрақты жерінен еркіндік, еріктілік, уақытша демалыс негізінде жүзеге асырылатын демалу, сауықтыру, мәдени және де басқа бағыттарда көшуін айтады. Сондай-ақ, аталған заң қазақстандық заңнамаға ұқсайтын грузин туризмі басым бағыттарының бірін, атап айтсақ медициналық туризмді белгілейді. Атап айтқанда, елді-мекен және Грузия елінде мақтанатын шарап туризміменде туризм саласының ең танымал түрлері болып табылады. Бұл дегеніміз, ел халқының басым бөлігінің ауылдық жерлерде қоныстануымен түсіндіріледі. Мысалға алатын болсақ, Грузияның Үшгули ауылшаруашылығы дамыған аймағын ЮНЕСКО комиссиясы қалыпты мәдени мұрасы бар санатқа жатқызған. Ауылдық және де туысқандық туризмнің түрлерінің белгілі бір мақсатты аудиториясында алғашқы орында осы қызмет барысын қолдануда қаланың қарбалас тірлігінен, шулы тірліктен демалатын қалалық тұрғындар болып табылады.



Сурет 2 - Туризмнің басқа салалармен байланысы  
Ескертпе: автормен [13] дереккөз негізінде құрастырылған

Қазақстанда заңдылық тұрғысынан басымдылық балалардың демалысына, яғни соның ішінде өскелең ұрпаққа менталдық, мәдени, патриоттық тәрбиені ұғындыру мақсатында көңіл бөлінеді. Бұндай көзұарасты дамуды мемлекеттің дамушы ұрпақтарының сол елді дамытуға, өзін сол қоғамда жеке тұлға ретінде қалыптастыруға үлкен мүмкіндік береді деп тұжырымдалады. Сондай ақ, аталған бағытты жүзеге асыру баланың жан-жақты бағытта даму сатысын, салауатты өмір салтын ұстану қағидаларын, туристік-өлкетану, экскурсиялық қызметтерін және де өскелең жас буынға патриоттық духты дарыту және сол жолда тәрбиелеуді мақсат тұтады. Айтар болсақ, аталған басымдық ішкі туризм саласына көп ден қоюға әкеледі.

Сонымен қатар, Қазақстанда туристік қызмет заңдылығын реттеуде төмендегі мәселелерді атап көрсетуге болады:

- Инфраструктураның дамымауы, соның ішінде инженерлік, туристік орындардағы көліктік және де әлеуметтік инфраструктураның толыққанды болмауы;
- Туристік объектілерге барудың қолжетімсіздігі;
- Туризм демалу аймағының сервисінің төмендігі;
- Объектілерде жол инфраструктурасының сервисінің төмен болуы және сапасының нашарлығы;
- Туризм саласындағы мамандандырылған кадрлардың тапшылығы;
- Туристік қызметтің және ондағы мәселелерге қаражаттың толыққанды бөлінбеуі;

Қазақстандағы туризмнің ең танымал бағыттары: тау, тарихи-мәдени, этнографиялық, экологиялық, су және спорт түрлері.

Экологиялық туризм - бұл ерекшелігі мен негізгі ынталандырушы факторы бар танымдық саяхаттардың бір түрі-табиғи ортамен бірігу. Қазақстанның қорықтық табиғи аймақтарына бара отырып, туристер табиғатты зерттей алады, далалық бақылаулар жүргізе алады, оқу және тақырыптық экскурсиялар шеңберінде қоршаған ортаны біле алады.

Тау туризмі. Елдің таулы бөлігі саяхатшылар үшін тартымды бағытқа айналды. Жыл сайын таулардағы белсенді демалыс әуесқойлары Жетісу, Көккөл сарқырамасы, Белуху тауы, мәрмәр асуы, Бурхат асуы және Қазақстанның таулы бөлігінің басқа да көрікті жерлеріне барады.

Этнологиялық және мәдени туризм қазақ халқының салт-дәстүрлерімен танысуға, шығармашылық пен мәдениетті зерттеуге мүмкіндік береді. ҚР Туризм және спорт министрлігінің деректері бойынша Қазақстанда 25 мыңнан астам тарихи-мәдени мұра ескерткіштері бар. Бес нысан ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілген. Еліміздің этнографиялық саябақтарына барғанда халықтың тұрмысы мен мәдениетін білуге болады.

Су туризмі туристік индустрияның тағы бір дамып келе жатқан бағыты болды. Visit Kazakhstan атап өткендей, су айдындарының ең көп саны елдің оңтүстік-шығысында, Жетісуда (Жетісу) шоғырланған. Туристер арасында Шарын, Көксу, Қаратал, немесе Чилик өзендері өте танымал.

Спорттық туризм. Kazakhstan Travel белсенді демалыстың кең таралған бағыттары арасында ат турлары, жаяу туризм, велотурлар және тау велосипедтері (экстремалды тау велосипедтері) бар. Сонымен қатар, альпинизм мен тау шаңғысы туризмі үшін жағдай жасалған, мысалы, Шымбұлақ тау шаңғысы курортының трассалары әлемдегі ең үздіктердің бірі болып саналады [14].

Қазақстандағы экскурсиялық және тарихи туризмнің басты орталықтары Ежелгі Отырар, Сайрам, Тараз, Шымкент, Түркістан қалаларында – сауда, ғылым және мәдениеттің маңызды орталықтарында орналасқан (Кесте 2). Мұнда Қожа Ахмет Яссауи, Айша-Бибі және Бабаджи-Хатун, Қарахан мен Даудбектің көне кесенелері, сондай-ақ мешіттер мен басқа да көптеген ескерткіштер сақталған. Қазақ эпосында пайда болған Маңғышлақ, Үстірт және олардың қорық жерлері де тарихи туризмді бағалайтындар үшін үлкен қызығушылық тудырады. Олардың қатарында Махамбет ауданындағы Сарайшық ескерткішінің өзіндік орны бар. Өз заманында Сарайшық жоғарыдағы ортағасырлық қалалармен саяси-экономикалық байланыста болған, сондықтан болашақта ол қалаларды өзара байланыстыратын туристік маршруттар пайда болуы керек.

2 –кесте- Сапар түрлері бойынша келушілердің мәліметтері, адам

Атаулар	Барлығы	жеке	соның ішінде туризм түрлері бойынша	
			ішкі	шығу
Қазақстан Республикасы	9 843 164	9 217 890	8 417 546	800 343
Абай	225 927	213 698	212 006	1 692
Ақмола	451 510	445 698	421 216	24 482
Ақтөбе	504 436	492 882	487 808	5 075
Алматы	865 995	800 895	738 186	62 709
Атырау	121 859	113 215	106 661	6 554
Батыс Қазақстан	393 127	375 445	324 281	51 163
Жамбыл	549 743	526 352	498 984	27 367
Жетісу	329 805	313 042	308 715	4 327
Қарағанды	629 431	610 017	526 188	83 829
Қостанай	414 814	396 273	348 721	47 551
Қызылорда	477 753	457 829	453 027	4 802
Маңғыстау	382 529	373 820	365 399	8 421
Павлодар	368 016	359 369	324 188	35 181
Солтүстік Қазақстан	251 952	244 998	197 800	47 197
Түркістан	903 963	870 717	801 898	68 819
Ұлытау	130 471	126 376	123 816	2 560
Шығыс Қазақстан	454 061	432 600	402 929	29 670
Астана қ.	924 469	818 421	716 983	101 438
Алматы қ.	970 953	793 991	661 035	132 956
Шымкент қ.	492 349	452 253	397 703	54 550

Ескертпе – кесте [16] ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылған.

Туризм саласындағы мемлекеттік қолдау шараларына тоқталатын болсақ, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап туризм саласындағы кәсіпкерлік субъектілер үшін мемлекеттік қолдаудың 7 шарасы қолданылады.

Бірінші, әрбір шетелдік турист үшін келу туризмі саласындағы туроператорлардың шығындарын субсидиялау. Субсидия жарамды құжаттар ұсынылған жағдайларда, сондай-ақ шетелдік туристерді орналастыру орындарында кемінде төрт күн және үш күн тұрғанын, шетелдік туристің кемінде үш туристік ресурстарға барғандығын растағанда, туристерді орналастыру орындарында «eQonag» ақпараттық жүйесі арқылы шетелдік туристті тіркеген кезде келу туризмі саласындағы туроператорларға төленеді.

Субсидия мөлшері келу туризмі саласындағы қызметті жүзеге асыратын туроператордан сатып алынған туристік өнім бойынша Қазақстан Республикасында келген әрбір шетелдік турист үшін 150000 (он бес мың) теңгені құрайды.

Екінші, Қазақстан Республикасының аумағында кәмелетке толмаған жолаушыларды әуеге тасымалдау кезінде туристік өнімге енгізілген билеттің құнын субсидиялау. Субсидия ішкі туризм саласындағы қызметті жүзеге асыратын туроператордан сатып алынған туристік өнімге енгізілген кәмелетке толмаған жолаушыға билеттің құны үшін төленеді.

Субсидиялау мөлшері: кәмелетке толмаған жолаушының авиабилеті

құнының 100 пайыз.

Үшінші, тау шаңғысы курорттары үшін жабдықтар мен техника сатып алу бойынша кәсіпкерлік субъектілер шығындарының бір бөлігін өтеу, Ережеге сәйкес кәсіпкерлік субъектілерінің тау шаңғысы курорттары үшін жабдықтар мен техниканы сатып алу жөніндегі шығындарының бір бөлігі мынадай үлгіде өтелуге жатады:

1) Арқанды жолдар (траволаторлар (таспалы көтергіштер), бугель (шынжырлы) көтергіш), арқанды –креслолы жол, кабина түріндегі гондольды жол, комби (құрамдастырылған жол (креслолары бар кабина), бейби лифт (тіреусіз ілмекті көтергіш);

2) Трассаларды жасанды қарсыздандыру жүйесі (ұтқыр қар генераторлары (тасымалданатын), стационарлық қар генераторлары, қар мылтықтары мен зеңбіректері.

3) Қар тығындау техникасы

Өтемақы мөлшері тау шаңғысы курорттары үшін жабдықтар мен техника құнының 25 пайызын құрайды.

Төртінші, жол бойындағы сервис объектілерін салу бойынша шығындарды өтеу.

Ережеге сәйкес шығындардың бір бөлігін өтеуге жататын жолбойындағы сервис объектілері жол бойындағы белдеуде орналасқан ғимараттар мен құрылыстар (мотельдер, қонақ үйлер, кемпингтер, техникалық қызмет көрсету станциялары, автожанармай құю станциялары, тамақтану, сауда, байланыс, медициналық көмек пункттері, сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері және өзге де қызмет көрсету объектілері болып табылады.

Өтеу мөлшері: Қағидалардың 4-тармағының 4 тармақшасына сәйкес ұсынылған ЖСҚ (жобалау-сметалық құжаттама) бойынша сараптама қорытындысында көрсетілген жол бойындағы сервис объектілерін салу құнының пайызы.

Бесінші, санитариялық –гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау. Қағидалар шеңберінде мүгедектігі бар адамдарға, ерлер мен әйелдерге арналған, унитаздармен, раковиналармен, желдету, жылумен жабдықтау жүйелерімен, жрықтандыру жүйелерімен және жеке гигиена құралдарымен жабдықталған жеке кабиналары бар абаттандырылған дәретхана болуы сияқты СГТ объектілеріне қойылатын бірнеше талаптар айқындалды.

СГТ-ні күтіп-ұстауға субсидиялау олардың санитарлық жағдайын сақтау үшін ай сайын 83 300 теңгені құрайды.

Алтыншы, туристік қызмет объектілерін салу, реконструкциялау кезінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу. Өтелуге жататын туристік қызмет объектілері табиғи объектілер мен табиғи-климаттық аймақтар, көрікті жерлер, тарихи және әлеуметтік –мәдени көрсету объектілері және саяхат кезінде туристің қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті өзге де объектілер болып табылады.

Өтінім беру кезіндегі негізгі талап туристік қызмет объектісін пайдалануға қабылдау туралы актінің көшірмесі, ЖСҚ көшірмесі, 1-Инвест



статформасының көшірмесі, салынған, реконструкцияланған мәлімделген туробъектінің фото және бейнетіркеу материалдары сияқты құжаттарды ұсыну болып табылады.

Өтеу мөлшері туристік қызмет объектілерін салуға және (немесе) реконструкциялауға жұмсалған шығындар құнының 10 пайызын құрады.

Жетінші, туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу. Осы мемлекеттік қолдауды алушылар өз қызметін Заңға сәйкес жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері болып табылады, атап айтқанда туроператорлар, турагенттер, гидтер, экскурсоводтармен және туризм нұсқаушылары.

Автокөлік құралын 5 жыл ішінде мақсатсыз пайдалануға және иеліктен шығаруға жол берілмейді. Шығындардың бір бөлігін өтеу мөлшері автокөлік құралының құнының 25 пайызын құрайды.

Осы шараларды енгізу және іске асыру қызмет көрсету сапасын жақсарту және кәсіпкерлік субъектілерінің өздерінің туристік өнімдерін ілгерілету жөніндегі жұмысын күшейту есебінен ішкі туристер ағынын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы аясында (туризм) бағытында 5 көрсеткіш енгізілген.

Олар:

- Ішкі туристердің санын 2025 жылға дейін -149 мың адамға дейін арттыру;
- Келуші туристердің санын 2025 жылға қарай 203 мың адамға дейін арттыру;
- Нөмерлік сан қорын 2025 жылға дейін 5593 төсек орынға дейін ұлғайту;
- Туризм саласында инвестиция көлемін 2025 жылға дейін 54,5 млрд. теңгеге дейін арттыру;
- Туризм саласында 550 жаңа жұмыс орындарын құру [15].

Қазақстандағы туризм тарихы шамамен б.д дейінгі 3 мыңжылдықтан – Ұлы Жібек жолымен саяхаттаудан басталады. Ал Қазақстан аумағындағы ірі туристік объект –Ахмет Яссауи қабірі үстіне орнатылған кесене. 1399 жылы Темірдің бұйрығымен салынған.

Қазіргі Қазақстан әлем жұртшылығына біздің тамаша елімізден бірегей саяхат бағыттарын ұсына алады. Алайда әзірге республикада туристік саланың дамуы әлемдік үрдістен едәуір артта қалып отыр.

Қазақстанның аумағында орналасқан көнекөз және заманауи, мәдени, тарихи, сәулет ескерткіштері, туристерді қызықтыруы сөзсіз бірегей табиғат көрікті жерлер аз емес. Айна көлдердің әсемдігі, таң қаларлық ландшафт, қорықтар, ормандар мен далалар, жанды баурайтын таулар, дінге табынушыларға арналған қасиетті жерлер- осының бәрі біздің еліміз. Республика Үкіметі Қазақстан дамуының ұзақ мерзімді бағдарламасында туристік саланы басымды бағыт ретінде анықтады. Өйткені қазіргі туризм индустриясы халықаралық көрсетілетін қызметтер саудасының жоғары табыс

келтіретін және серпінді даму үстіндегі ірі сегменттерінің бірі болып табылады. Туристік саланы дамыту үшін не істелді және осы бағыттағы маңызды мемлекеттік міндеттерді жүзеге асыру үшін алда не істеу керек.

Бүгінде Қазақстанда туризмнің қолданыстағы барлық түрлері ұсынылған: танымдық, көңіл көтеру, этникалық, экологиялық туризм және этнотуризм бойынша кең танымал болу түсуде.

3 -кесте - 4Е моделі негізінде туристердің нарықтық сегменті


Елдер/4Е	Events	Entertainment	Ethno	Eco
Ресей	-Іс-шара -Спорт -Концерттер	-Сити тур/ түңгі өмір -таулы курорттар	-	-Джиптурлар -Outdoor
Германия	-	-Ностальгия	-Ұлы Жібек жолы -Көшпенділер тәжірибесі -Ұлттық асхана	-Outdoor
Оңтүстік Корея	-	-Шаңғы -Гольф -Казино	-	-
Англия	-	-	-Ұлы Жібек жолы -Көшпенділер тәжірибесі -Dark tourism	-Құстарды бақылау
Польша	-	-Сити тур/ қала өмірі	-Dark tourism	-Outdoor
Қытай	-	-Шоппинг -Казино	-Ұлы Жібек жолы -Кеңес дәуірі	-
БАӘ	-	-Сити тур/ қала өмірі	-Аңшылық	-Outdoor
Малайзия	-	-Қысқы туризм түрлері	-Ұлы Жібек жолы -Ұлттық асхана	-
<i>Ескертпе – кесте ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылды.</i>				

Мысалы, шетелдік туристердің көпшілігінде «жабайы туризм» -Хан тәңірі шыңы мен Іле Алатауының таулары үлкен сұранысқа ие. Бірақ бұл мәселені шешу үшін қосымша қаржыландыру керек, ал қазақстанның туристік қауымдастығында ол жоқ. Басқа да түйінді мәселелер бар. Үнемшіл демалыс тuroператорлары Қазақстанда үшжұлдызды отельдердің және қарапайым инфрақұрылымның жетіспейтіндігін қынжыла айтады. Қазақстанда орташа деңгейдегі қонақ үйлер мүлдем жоқ делік. Шеткері қалаларда құны тәулігіне мың теңгеден төмен отельдер жоқ, ал сервис тіпті «екі жұлдызға да тартпайды. Алматы әлемнің ең қымбат қалаларының қатарына кірді- сонда ол тіпті курорттық қалада емес. Бірақ бұл жерде шетелдік туристер отельде тұру ақысының аса қымбатталуына және тиісінше сервисің болмауына ұшырасады. Сондықтан Қазақстан әзірге көп туристерінен айырылып отыр деуге болады, олар өз қаражатын басқа елдерде қалдырғанды ұнатады.

Сонымен қатар, көптеген сарапшылардың бағалауы бойынша, әлеуеті орасан зор Қазақстанның ішкі туризмі аса төмен даму қарқынын көрсетуде.

Біздің азаматтарымыздың Қазақстанда демалуы және экзотикалық елдерге тек қосымша ғана барып тұруы үшін инфраұрылымды, бүкіл туризм жүйесін жете дамыту керек.

Қазір ұлттық валютаның әлсіреуне байланысты көптеген туроператорлар қазақстандықтар ел ішіндегі демалысты таңдайтын болады деп есептейді.



Сурет 3 -Этнотуризм іс-шараларында туристерді ұстап қалу әдісі  
Ескертпе – мәліметтер негізінде автормен құрастырылды.

Бірақ осындай ғана себеппен ішкі туризм дамымайды. Жағдай дұрысталысымен ақ, адамдар шетелге қайта барады, Ішкі туристердің саны бұрын ыстықкөлге барғандар есебінен өсуі мүмкін, өйткені Қырғызстан біз үшін долларлық болып қалды ғой. Оның жанында Алакөлге демалу тартымды болады. Сондай-ақ туроператорлар ішкі туризмді дамыту үшін Қырғызстанмен және Өзбекстанмен бірлесе кешенді бағыттар қалыптастыруды жоспарлауда. Бұл елдерде келу туризмі белсенді даму үстінде: оларда инфрақұрылым, жағажайлар, тартымды жерлер бар.

Туристік индустрияны дамыту үшін білікті кадрлар жетпейтін кезде бейінді жоғары оқу орындарының түлектері көбіне нақты маманданымдар бойынша дағдылары мен білімдерінің болмауынан сұранымсыз қалып отыр. Отандық жоғары оқу орындарының туризм саласындағы негізгі маманданымдары –«туризмдегі менеджмент», «қонақүй ісі», «спорттық туризм» және сол сияқты.

Ал аниматорларды, экскурсия жүргізуші гидтерді, яғни біздің елімізге келетін шетелдік туристерге қызмет көрсетуге қажетті мамандарды тек жекелеген оқу орындары ғана даярлайды. Сонымен қатар, «қонақ үй бизнесі» мамандығы бойынша кадрлар дайындау нашар дамыған, ал нақ сол қонақ үй кәсіпорындары мамандарға барынша мұқтаж болып отыр. Мысалы Европада туристік және қонақүй ісі мектептерінің көпшілігі жұмыс істеп тұрған қонақ

үйөндөрдүн базасында ашылған, студенттер сонда тұрады, бұл оларға кәсіби дағдыларды тәжірибе түрінде алуға мүмкіндік береді. Осындай тәжірибе Қазақстан Республикасында даярлау сапасын арттыру үшін қызығушылық тудырып, болашақтағы іске жөн сілтейді, өйткені отандық оқу орындарында мұндай қонақ үй базалары іс жүзінде жоқ. АҚШ тағы кадрлар даярлау тәжірибесі де зейін қоюға тұрарлық., онда білім беру мекемелері базасында туризм индустриясы кәсіпорындарымен бірыңғай ақпараттық жүйеге біріккен мамандандырылған бөлімдер (кадрлық агенттіктер) құрылған, олар еңбек нарығының қажеттіліктерін ұдайы қадағалумен, жас мамандарды жұмысқа орналастырумен және бейінді мамандықтар бойынша талапкерлер жинауды үйлестіріп отырумен айналысады.

Туристік саланы дамыту туристік бизнесті мемлекеттік реттеу қажеттілігін түсінуге әкелді. Кейбір елдерде туристік саланың сауатты ұйымдастырылуы ұлттық экономиканы сауықтыруға мүмкіндік берді. Өйткені туризм жаппай ішкі өнімді қалыптастыруда, қосымша жұмыс орындарын құруда және халықты жұмыспен қамтамасыз етуде, сондай ақ ішкі сауда теңгерімін жандандыруда орасан зор роль атқарады. Сондықтан туристік кластерлердің тиімді қызмет етуі үшін жағымды жағдайлар жасау мен қалыптастыру мемлекеттік туристік саясаттың басымды бағыттарының бірі болуға тиіс.

Қазақстанға келетін туристік ағымдардың талдауы көрсеткендей, қолжетімділігі, бағасы және сервистік деңгейі бойынша Қазақстанның туристік қызметтер көрсетуі әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті емес және шетелдік әріптестерінен анағұрлым артта.

Мұның себебі –туристік нарық қатысушыларының бастары бірікпеушілігі, инфрақұрылымның жете дамымауы, инвестициялардың жетіспеушілігі, білікті мамандардың тапшылығы, сервистің төмен деңгейі, туристік қызметтер көрсету нарығындағы жоғары бағалар. Мұндай жағдацда туристік салада шынайы мемлекеттік қолдаудың болмауы салдарынан қалыптасқан.

Қазақстанның туристік саласына инвестицияларды тартуды жандандыру үшін мамандар инвесторларға түсінікті мемлекеттік- әріптестік үлгісін анықтауды ұсынады, онда жерді пайдалану, инфрақұрылымдарға қолжетімділік болу және мемлекеттік қолдау шаралары мәселелерін ескеру қажет. Мемлекеттік көмек туристерге қызмет көрсетуші кәсіпорындарға арналған инвестициялық, преференцияларды, экспорттық кепілдіктерді, туристік инвестициялық жобаларға ұзақ мерзімді несиелер беруді және Туристік саланы дамытудағы мемлекеттің ролі- қажетті инфрақұрылым (жолдар, құбырлар желісі, электр қуаты, сумен қамсыздандыру) құру, сондай-ақ сала үшін кадрлар оқытуды қаржыландыру.

Сонымен бірге көптеген маркетингтік –мамандар әлеуметтік туризмді дамытуды мемлекеттік деңгейде қарастыруды ұсынуда. Мемлекет-арнайы бағалы қағаздарды –туристік сертификаттарды шығарып, өз азаматтарының демалысын қоса қаржыландыра алады.

Мемлекет жұмыс берушілермен белсенді ынтымақтасуы тиіс, ал алар,

өз үлестерін қоса отырып, қызметшілеріне осындай сертификаттар ұсынуы керек. Бұл адамға пайдалы, өйткені оның оның демалысқа шығатын шығыстары төмендейді. Бұл шара-қаржыландырудағы мемлекеттік үлестің есебінен -ішкі туризмді жандандырады.

Біздің мемлекетеміз туристік бизнестің әлемдік көшбасшыларына лайықты бәсекелес бола алады. Бұған біздің адам ресурстарымызды, кәсіби шеберлігімізді, дарынымыз бен отансүйгіштігімізді қосу керек.

Одан әрі туризм саласы-жұмыс көзі. Шетелдерден немесе республиканың әр түкпірінен ат арытып жеткен қонақтарды күтіп алып, бар жағдай туғызу-арнайы қызметшілердің міндеті. Демек соған сай мамандар даярлануы шарт. Грузия курорттарында алдыңнан арсалаңдап шығатын сайдың тасындай жігіттер қолыңдағы жүгіңе жармасады. Көркем қыздар алдыңнан бөлменің есігін ашады. Күніне қанша адам келіп кетіп жатыр, бәріне үлгереді. Міне бізде сондай болу керек.

Сондай-ақ, жайлы инфрақұрылым қажет. Сарайшық Атыраудан 45 шақырым жерде. Азды көпті жөндеуді қажет етсе де, асфальт тартылған. Егер республика бойынша қасиетті орындар тізіміне мұнайлы мекеннен жеті нысан енгізілгенін ескерсек, өзгелеріне бару қиын.

Сарайшық қаласы орнындағы ғылыми зерттеу, ізденіс, қалпына келтіру жұмыстары ортағасырдағы Қазақстан қалаларының Еуразия аумағында атқарған қызметін, өркениетке қосқан үлесін, қалалық мәдениет генезисін, қала құрылысы өнері мен архитектуралық декорының дамуы деңгейін зерделеуге толық мүмкіндік береді. Жоба материалдық әрі рухани мәдениет туралы жаңа ғылыми деректер алуға, музей саласын, туризм инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдеседі.

Жобаны іске асыру аяқталғаннан кейін мынадай нәтижелер күтіледі:

- ортағасырлық Сарайшық ашық аспан астындағы музейге айналады;
- тарихи ескерткіштің сақталуына, қорғалуына толық жағдай жасалады;
- Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларын насихаттауға жол ашылады;
- Қазақстанның батыс өңірінде Сарайшықпен байланыста болған жаңа алтынордалық ірі мекендер анықталады, оларға жаңа туристік маршруттар жасалады;
- халқымыздың өркениетке қосқан үлесі айқындалады;
- ортағасырлық Сарайшық қаласы ескерткішінде ауқымды зерттеулер (қазбалар) жүргізіледі және ескі, жаңа қазбалар нысандары консервацияланады;
- ескерткіш аумағы, тарихи-мәдени ескерткіштер, киелі орындар абаттандырылады;
- қыш кірпіш күйдіру цехы салынады.
- қала орнындағы қазбалар үстіне метал конструкциялы жабынды, құрастырмалар құрылыстары салынады;
- «Хан моласы» сәулет ескерткіші, зиярат ету орындары пайда болады;
- жаңа жұмыс орындары ашылады, жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайы жақсарады.

## Зерттеу әдістері

«Атырау облысы Махамбет ауданының туризм саласындағы әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру» зерттеуінде қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін келесі әдіснама қолданылды:

- Сипаттамалық талдау және әдеби шолу: туризм саласының теориялық аспектілерін зерттеу үшін ғылыми зерттеулер, кітаптар мен мақалаларды қоса алғанда, әдебиеттерді талдау қолданылады. Бұл туризм саласындағы негізгі ұғымдарды, модельдер мен теорияларды түсінуге көмектеседі.

- Салыстырмалы талдау: туризм саласын дамытудың озық шетелдік тәжірибесін зерделеу басқа елдерде табысты қолданылатын стратегиялар мен тәжірибелерді Қазақстандағы ағымдағы жағдаймен салыстыруды көздейді. Бұл әдіс халықаралық есептер, жағдайларды зерттеу (case studies) және статистика сияқты әртүрлі көздерден алынған деректерді талдауды қамтиды.

- Эмпирикалық зерттеу: Қазақстандағы және Махамбет ауданындағы туризмнің әлеуетін талдау үшін сапалық және сандық әдістер қолданылады. Бұған сауалнамалар арқылы бастапқы деректерді жинау, негізгі мүдделі тараптармен сұхбат (мысалы, жергілікті билік, кәсіпкерлер, аудан тұрғындары) және статистикалық деректерді талдау кіреді.

- Стратегиялар мен ұсыныстарды әзірлеу: жиналған мәліметтер мен талдаулар негізінде практикалық ұсыныстар тұжырымдалады. Бұған Махамбет ауданында туризмді дамытудың нақты, іске асырылатын және тиімді стратегияларын әзірлеу үшін стратегиялық жоспарлау және жобаларды басқару әдістерін қолдану кіреді.

Осы әдістерді біріктіру жағдайды жан-жақты талдауға және Атырау облысының Махамбет ауданында туризмнің әлеуетін арттыру үшін практикалық шешімдер әзірлеуге мүмкіндік береді.

### Талдау және зерттеу нәтижелері

#### 1. Туризм саласын дамытудың озық шетелдік тәжірибесі

Басқа елдерде туризмді дамытудың табысты мысалдарын зерделеу Атырау облысының Махамбет ауданында туризмді дамыту үшін ұсыныстар бере алады.

Бутан: бұл ел өзінің мәдени және экологиялық мұрасын сақтау үшін туристер санын шектей отырып, "жоғары баға, төмен көлем" бірегей моделін қолданады. Бұл тәсіл қоршаған ортаға жүктемені басқаруға көмектеседі және туризмнің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Коста-Рика: бұл ел туристерді тарту үшін өзінің бай биоәртүрлілігі мен табиғи ресурстарын пайдалана отырып, экотуризмге баса назар аударды. Коста-Рикадағы экотуризм бағдарламалары табиғатты қорғауға ғана емес, сонымен қатар жергілікті қауымдастықтарға экономикалық пайда әкеледі.

Дубай, БАӘ: Дубай әртүрлілік пен инновация стратегиясының арқасында әлемдегі жетекші туристік орталықтардың біріне айналды. Қала сауда мен гастрономиядан мәдени және ойын-сауық іс-шараларына дейін көптеген ойын-сауық пен туристік аттракциондарды ұсынады.

Исландия: Исландия өзінің ерекше табиғи ландшафттарына назар аудары

отырып, тұрақты және жауапты туризмге назар аударды. Ондағы туризмнің дамуы табиғат пен мәдениетті құрметтеу принциптеріне негізделген.

Жапония: Жапония туристерді тарту үшін өзінің ерекше мәдениеті мен дәстүрін сәтті қолданады. Дәстүрлі шай рәсімдерінен бастап заманауи технологиялық инновацияларға дейін Жапония туристер үшін әртүрлі тәжірибе ұсынады.

Бұл мысалдар туризмді дамытудың әртүрлі тәсілдерін көрсетеді, олардың әрқайсысын бірегей жағдайлар мен қажеттіліктерді ескере отырып бейімдеуге және қолдануға болады.

Сиена, Италияның Тоскана қаласындағы ежелгі қала, ол ескі қалада туризмнің сәтті дамуының жарқын мысалы болып табылады. Сиена өзінің бай тарихи мұрасы мен мәдениетімен танымал. Қала өзінің ерекше ортағасырлық сәулетімен және сақталған қалалық келбетімен ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілген. Сиенаның орталығы-оның ерекше пішіні мен сәулетімен танымал әйгілі Пьяцца-дель-Кампо. Алаңда әйгілі Palio di Siena ат жарысы өтеді. Сондай-ақ маңызды тартымдылық-Сиена соборы, готикалық сәулет өнерінің тамаша үлгісі. Сиенада көптеген мұражайлар бар, соның ішінде Сиена мемлекеттік мұрағаты және палатцо Публико, онда итальяндық өнер туындылары бар.

Palio di Siena, жыл сайынғы ат жарысы, қаланың мәдени өмірінің шарықтау шегі болып табылады және мыңдаған туристерді тартады. Сиена тағамдары паппардель, риболлита және бауыр кростини сияқты дәстүрлі тағамдарымен танымал. Сиенада ортағасырлықтар көшелер бар, олар жаяу серуендеуге өте ыңғайлы, бұл ортағасырлық атмосфераға еруге мүмкіндік береді. Қала дәстүрлі тауарларды, соның ішінде жергілікті қолөнершілер мен жергілікті тағамдарды сататын көптеген дүкендер мен базарларды ұсынады.

Сиенада қонақүйлердің және туристік қызметтердің үлкен таңдауы бар дамыған туристік инфрақұрылым бар. Қала туристерді тарту мен оның тарихи мұрасы мен мәдени бірегейлігін сақтау арасындағы тепе-теңдікті сақтау үшін белсенді жұмыс істейді. Сиена-қала өзінің бай тарихи және мәдени мұрасын туризмді дамыту үшін қалай пайдалана алатынының тамаша мысалы, сонымен бірге өзінің бірегейлігі мен тарихи құндылығын сақтай алады.

Танымал туристік орынға айналған қараусыз қалған қаланың ең танымал мысалдарының бірі-Италиядағы Помпей. 79 жылы Везувий жанартауының атқылауы нәтижесінде қала толығымен дерлік жойылып, күл мен пемза қабатының астына көмілді. Помпей 18 ғасырда қазыла бастағанға дейін көптеген ғасырлар бойы ұмытылды. Содан бері Помпейдің археологиялық орны оларды әлемнің түкпір-түкпірінен туристерді тарта отырып, әлемдегі ең маңызды тарихи орындардың біріне айналдырды.

Помпейді бірегей туристік орынға айналдыратын маңызды аспектілер (Кесте 4):

4 –кесте - Помпейді бірегей туристік орынға айналдыратын маңызды аспектілер

1	Тарихи маңызы	Помпей Ежелгі Рим қаласының өмірінің өте жақсы сақталған суретін ұсынады, бұл келушілерге екі мың жылдан астам уақыт бұрын адамдардың қалай өмір сүргенін түсінуге және көруге мүмкіндік береді
2	Археологиялық олжалар	Қала археологиялық олжаларға толы, соның ішінде жақсы сақталған үйлер, фрескалар, мозаика және тіпті атқылау кезінде қаза тапқан қала тұрғындарының іздері
3	Білім беру аспектісі	Помпей тарихты, археологияны және вулканологияны зерттеуге мүмкіндік беретін үлкен білім беру құндылығын ұсынады
4	Мәдени және ғылыми зерттеулер	Бұл жер көптеген мәдени және ғылыми зерттеулердің орталығы болып табылады, ежелгі әлем туралы жаңа фактілер мен деректерді үнемі ашады
5	Туристік инфрақұрылым	Помпейдің айналасында туристік инфрақұрылым дамыған, оның ішінде мұражайлар, гидтер, ақпараттық орталықтар, мейрамханалар мен кәдесый дүкендері бар
Ескертпе: мәліметтер негізінде автормен құрастырылды		

Чернобыль, Украина: 1986 жылы Чернобыль атом электр станциясындағы апаттан кейін Припять қаласы толығымен эвакуацияланды. Содан бері бұл жер "қараңғы туризмнің" ең танымал нысандарының біріне айналды. Чернобыльға экскурсиялар келушілерге қараусыз қалған ғимараттар мен көшелерді көруге және атом апатының салдары туралы білуге мүмкіндік береді.

Алкатрас, АҚШ: 1963 жылы жабылған Сан-Франциско шығанағындағы әйгілі түрме аралы қазір танымал туристік орын болып табылады. Келушілер бұрынғы түрмені зерттей алады, тұтқындар мен күзетшілердің оқиғаларын біле алады және Сан-Францисконың көрінісін тамашалай алады.

Боди, АҚШ: Калифорниядағы алтын таусылғаннан кейін қалдырылған бұл қараусыз қалған қала-алтын ағыны кезіндегі "елес қаланың" ең жақсы сақталған мысалдарының бірі. Бүгінде ол мемлекеттік тарихи саябаққа айналды, онда келушілер ескі ғимараттарды көріп, алтын асығыс кезіндегі өмірді елестете алады.

Хауана Виежа, Перу: бұл Анд тауларында биіктікте орналасқан ежелгі қараусыз қалған Инка қаласы. Ол Мачу Пикчу сияқты танымал болмаса да, Хауана Виежа Инка тарихы мен мәдениетіне ерекше сүнгуді ұсынады.

Бұл орындар туристерді өзінің ерекше тарихымен, атмосферасымен және өткенді білу мүмкіндігімен қызықтырады. Олар қараусыз қалған немесе тарихи орындарды танымал туристік орындарға айналдырудың тамаша мысалдары.

Хашима аралы (Гунканджима), Жапония: "жауынгерлік кеме" деп аталатын бұл қараусыз қалған Арал бір кездері көмір өндіретін халық көп болған. Бүгінде ол өзінің қираған ғимараттарын көргісі келетін және оның ерекше тарихы туралы білгісі келетін туристерді тартады. Арал тіпті Джеймс Бонд фильмдерінің бірінде пайда болды.

Колманскоп, Намибия: Намиб шөліндегі бұл бұрынғы Гауһар кеншілер қалашығы кен орындары құрғаған кезде қалдырылды. Қазір оның құммен жабылған ғимараттары әлемнің түкпір-түкпірінен фотографтар мен туристерді



тартады.

Белчайт, Монтана, АҚШ: Монтана тауларында орналасқан бұл қараусыз қалған қала бір кездері алтын өндірудің орталығы болған. Бұл қазір жабайы батыс пен елес қалалардың тарихына қызығушылық танытатын туристер үшін танымал орынға айналды.

Орвьето, Италия: бұл қала толығымен қараусыз қалмағанымен, оның ежелгі тарихы мен бірегей жерасты үңгірлері мен туннельдері көптеген туристерді тартады. Орвьето өзінің ежелгі тарихымен және таңғажайып сәулетімен танымал.

Кайакей, Түркия: 20 ғасырда қалған бұл ежелгі қала өзінің үйлері мен жартастарға қашалған шіркеулерімен танымал. Бүгінде ол өзінің ерекше қирандыларын зерттеп, әсерлі көріністерден ләззат алғысы келетін туристерді тартады.

Қараусыз қалған немесе тарихи орындарда туризмді табысты дамытудың мысалдары Қазақстан үшін, әсіресе Атырау облысының Махамбет ауданында туризмді дамыту контекстінде құнды сабақтар ұсына алады. Міне, бейімделуге болатын кейбір аспектілер:

- Тарихи және мәдени турларды құру: Помпей немесе Орвьето сияқты жерлердің мысалдарынан шабыт ала отырып, оның бірегейлігі мен тарихына баса назар аудара отырып, аймақтың тарихи және мәдени көрікті жерлеріне бағытталған экскурсиялық турларды жасауға болады.

- "Қараңғы туризмнің" дамуы: Чернобыль мысалы қайғылы тарихы бар жерлердің келушілерді қалай тарта алатынын көрсетеді. Қазақстанда туристерді тарту үшін пайдалануға болатын бай, бірақ күрделі тарихы бар орындар болуы мүмкін.

- Сақтау және қалпына келтіру: Колманскоп пен Кайакейдің мысалдары туристерді тарту үшін тарихи орындарды сақтау мен қалпына келтірудің маңыздылығын көрсетеді. Қазақстандағы тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау бойынша жұмыс туристік әлеуетті күшейте алады.

- Инфрақұрылым мен қызметтерді дамыту: табысты туризм ақпаратқа, көлікке, сапалы қонақүйлер мен мейрамханаларға қол жеткізуді қоса алғанда, дамыған инфрақұрылымды қажет етеді. Алкатрас сияқты мысалдар келушілерге ыңғайлы болу қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

- Тұрақты және жауапты туризм: туризмнің жергілікті халыққа немесе қоршаған ортаға зиян келтірмеуін қамтамасыз ету маңызды. Бұл келушілер ағынын басқаруды, экологияны қорғауды және жергілікті мәдениетті құрметтеуді қамтуы мүмкін.

Осы тәсілдер мен идеяларды Қазақстан жағдайына бейімдеу Махамбет ауданында және еліміздің басқа өңірлерінде тартымды және тұрақты туристік сектордың дамуына ықпал етуі мүмкін.

## **2. Атырау облысы Махамбет ауданында туризмнің әлеуетін талдау**

Атырау облысы - негізінен ең дамыған индустриялық аймақ болғанымен, бүгінгі таңда бұл жерде туризм саласын дамытуға да мән берілуде.

Қазіргі уақытта Атырау облысының халық саны 693 079 (Кесте 5).

5-кесте – Атырау облысының халық саны

2023 жыл басына саны	Халықтың жалпы өсімі	Оның ішінде		2023 жылғы 1 қарашаға саны	Есепті мерзімдегі	
		табиғи өсім	көші-қон айырымы		өсім қарқыны, пайызбен	орташа саны
693 079	9 217	10 929	-1 712	702 296	1,33	697 688

Ескертпе: <https://old.stat.gov.kz/> негізінде құрастырылған

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, облыста 128 орналастыру орындары бар (қонақүйлер, кемпингтер, демалыс орындары және т.б) біржолғы сыйымдылық 6590 төсек орынды құрайды (Кесте 6).

6-кесте – Атырау облысындағы орналастыру орындары мен туристік ұйымдар саны

№	Атауы	Саны
1	Облыстағы турагенттіктер саны	51
2	Ішкі туризммен айналысатын туристік ұйымдардың саны	5
3	Орналастыру орындарының саны Оның ішінде:	128
	Қонақүй	91
	Жатын үйлер	8
	Балалар лагері	1
	Кемпинг	1

Ескертпе: <https://old.stat.gov.kz/> негізінде құрастырылған

Атырау облысындағы орналастыру орындарындағы есепті кезеңдегі орташа алғанда қызметкерлердің тізімдік саны 7 кестеде көрсетілген (Кесте 7).

7-кесте – Атырау облысындағы орналастыру орындарындағы қызметкерлер саны

Барлығы	Оның ішінде тұрақты жұмысшылар	
	ерлер	әйелдер
1 409	414	995

Ескертпе: <https://old.stat.gov.kz/> негізінде құрастырылған

Санаттары бойынша орналастырау орындарының саны 6 кестеде көрсетілген (Кесте 8).

8-кесте – Атырау облысындағы санаттары бойынша орналастырау орындарының саны

Барлығы	Оның ішінде						
	5*	4*	3*	2*	1*	санаты жоқ қонақ үй	өзге де орналастыру орны
127	3	4	4	-	1	90	25

Ескертпе: <https://old.stat.gov.kz/> негізінде құрастырылған

Орналастыру орындарының негізгі көрсеткіштері 9 кестеде көрсетілген.

9-кесте – Атырау облысындағы орналастыру орындарының негізгі көрсеткіштері

Орналастыру орындарының саны, бірлік	Қызмет көрсетілген келушілер саны, адам	Көрсетілген қызмет көлемі, мың теңге
127	128 215	4 509 786,4

Ескертпе: <https://old.stat.gov.kz/> негізінде құрастырылған

Орналастыру орындарының түрлері бойынша қызмет көрсетілген келушілер саны 10 кестеде көрсетілген.

10-кесте – Атырау облысындағы орналастыру орындарының түрлері бойынша қызмет көрсету

Барлығы	Оның ішінде					
	мейрамханасы бар қонақ үй	мейрамханасы жоқ қонақ үй	бір қабатты бунгало, ауылдық үйлер (шале), коттедждер, шағын үйлер және пәтерлер	кемпинг	басқа тұрғын үй түрлері	хостел
128 215	84 900	38 797	2 901	471	1 146	889

Ескертпе: <https://old.stat.gov.kz/> негізінде құрастырылған

Жалпы, Атырау облысының жұмыспен қамтылу деңгейі 11 кестеде көрсетілген.

11-кесте – Атырау облысы халқының жұмыспен қамтылуы

	Халық саны	Жұмыспен қамтылғандар	Жұмыссыз халық
2019	639 211	316,3	16,1
2020	645 280	314,5	16,2
2021	681 241	317,7	16,3
2022	691 911	326,7	16,6
2023	702 296	343,1	17,6

Ескертпе: <https://old.stat.gov.kz/> негізінде құрастырылған

Республикалық туристік карта бойынша, саяхатшыларды тартатын нысандардың 80 пайызы жеті аймақта шоғырланыпты. Ішінде мұнайлы мекен аталмайды. Бізде ел тарихына аты алтын әріптермен жазылатын жерлер жеткілікті. Қазақстан бойынша қасиетті орындар санатына жеті нысан еніп отырғандығының өзі көп нәрседен хабар береді. Әрі аймақ басшысы атыраулықтарды да, туристерді де тартатын екі үлкен жобаны қолға алды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылғы 8 қарашада Атырау облысына жасаған жұмыс сапарында мұнай мен газға ғана үміт артпай, өңірде туризм секілді болашағы зор саланы да дамыту кезіттігін жеткізді. Мемлекет басшысының айтуынша,

бұл жақта экологиялық және танымдық туризмді дамытуға мүмкіндік мол. «Облыстағы туризмді дамыту- маңызды міндеттің бірі. Әрине, Атырау мұнайымен әйгілі. Бірақ мұнда туристердің қызығушылығын тудыратын басқа да рухани құндылықтар бар. Оны бүкіл Қазақстанның брендіне айналдыруға болады. Алдымен өлкенің тарихи-мәдени мұраларына айрықша мән беру қажет. Сарайшықты ел ішінде және шет мемлекеттерге дәріптеуімізге болады. «Ортағасырлық Сарайшық» жобасын соңына дейін жеткізу керек (Сурет 4). Сондай-ақ, арнайы визит орталықты уақытылы іске қосу маңызды. Көне қаланың орнын туристік нысан ретінде дамытуға және оның танымалдылығын арттыруға арналған тұжырымдама әзірлеу қажет. Бұл-бүкіл Қазақстанның туризм саласы үшін маңызды»-деген болатын Мемлекет басшысы. Алдымен Сарайшықта Мөңке, Тоқтағу, Жәнібек, Әмір, Оқас, Ших Мамай, Жүсіп және Қасым хандар жерленген. Қазақ мұнайының 100 жылдығына қарсаңында күмбезді ғимарат орнатылып, соған есімдері ғана жазылған. Осы аталған тұлғалардың өмірбаяны қазіргі жастарға да мәлім емес. Кейбір көзі қарақтылары болмаса, көбінің білмейтіні мәлім.

Өңірде Қазақстанның киелі жерлерінің тізіміне енген 7 тарихи ескерткіш бар (Махамбет ауданы: «Сарайшық» мемориалдық кешені; Жылыой ауданы: Ақмешіт қорымы, Құлшан ата жерасты мешіті, Аралтөбе қорғаны, Иманқара кешені, Ұшқан ата қорымы; Индер ауданы: Махамбет Өтемісұлы мазары).

Облыс қонақтары мен келушілері агроөнеркәсіптік сектор объектілеріне, атап айтқанда, түйе, жылқы және басқа да фермаларға қызығушылық танытады. Облыстың туристік компаниялары ішкі және сырттан келу туризмін дамыту мақсатында маршруттарды белсенді әзірлеуді жалғастыруда.



Сурет 3 - ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Ортағасырлық Сарайшық» жобасы туралы  
Ескертпе – мәліметтер негізінде автормен құрастырылды.

Құрманғазы ауданы демалыс орындарында Қиғаш өзеніндегі балық аулау және аң аулау жұмыстарының жолға қойылғанымен ерекше. Қиғаш өзені жағалауының әдемі табиғи орны мен таза ауасы экологиялық туризмді дамыту үшін үлкен әлеуетке ие. Мұндағы «Сексен кесік, сегіз арал» деп аталатын су қойнаулары аң-құсқа толы. Сонымен қатар бұл аймақта әлемде сирек кездесетін лотос гүлдері өседі. Қос өзен бойындағы тамаша табиғат көріністері ішкі туризмді дамытуға мол мүмкіндік бере бастады. 5 мың гектар аумақты алып жатқан лотос гүлдерінің алқабы Каспий теңізінің інжу-маржаны саналады. Теңіз жағалауы мен Қиғаш-Шора өзендерінің айдыны қазір масатыдай құлпырған кілем іспеттес. Лотос – әсем гүлді көпжылдық су өсімдігі. Ескі замандағы Мысыр және Үндістан жұрты қатты құрметтеген. Аңызға сенсек, бұл гүлдің тұқымын Ұлы Жібек жолы заманында саудагерлер алып келуі мүмкін немесе жыл құстары арқылы таралған деген тәмсіл бар.

Қазіргі кезде Атырау қаласында шолу экскурсиясы бағдарламасы әзірленген және жұмыс істейді, онда көптеген қызықты тарихи, мәдени көрнекті жерлердің, ескерткіштер мен ойын-сауық нысандарының, сондай-ақ өңірде өмір сүріп жатқан түрлі халықтардың ас мәзірлерін қамтыған мейрамханлар мен дәмханалар қамтылған. Сонымен қоса, туристер шығармашылық орталыққа бара алады, онда апта сайын қазақ халқының салт-дәстүрі көрсетіледі.

Сондай-ақ жаз мезгілінде қала тұрғындары мен қонақтары үшін Атырау қаласының дәл орталығынан ағып өтетін және қаланы екі құрлыққа: Еуропа мен Азияға бөлетін Жайық өзені бойынша экскурсиялық теплоходпен серуендеу мүмкіндігі қарастырылған.

«Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватының аумағында Каспий теңізінің жағалауында Қызыл кітапқа енгізілген сирек кездесетін құстардың бірегей түрлері бар және мұнда әуесқойлық спорттық балық аулауға рұқсат етілген, бұл туристер үшін аса қызығушылық тудырады.

Жазғы кезеңде қала қонақтары «арқан парктері», «құзға шығу», «жылқы мен түйемен серуендеу» түрінде ойын-сауық қызметтері ұсынылатын, Жайық өзенінің жағалауындағы турбазаларға бара алады.

Индер ауданында тұзды көлдің болуы осы жерде сауықтыру туризмін дамытуға мүмкіндік береді. Өткен жылы облыс ғалымдары Индер тұзды көлінің балшығы мен тұзын емдеу мақсатында пайдалану бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді және әртүрлі аурулар кезінде олардың бағалығына байланысты оң нәтиже алды. Тұзды көлді тиімді пайдалану мақсатында «НефтеСтройСервис» ЖШС мүдделі инвесторға Индер тұзды көлінің жағасынан 50 га жер ұсынылды. Қазіргі уақытта аталған мекеме топографиялық түсірілім мен жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуде. «НефтеСтройСервис» ЖШС деректері бойынша жоба бірнеше кезең бойынша жүргізіледі.

Сондай-ақ жеке инвестор есебінен Атырау қаласында Этноауыл салу жоспарлануда. Қазіргі таңда инвесторларға «Атырау» ӘКК» АҚ-мен бірлесіп «Нұрлы тау» ЖШС құрылды және жарғылық капиталы анықталды, сондай-ақ сараптамадан өтіп жатқан жобалау-сметалық құжаттама дайындалды

Тарихи орындар мен ескерткіштер мұражайы болып есептелінетін Атырау өңіріне «демалыс күндер турлары» бағыты ыңғайлы болып табылады. Осы бағыт бойынша туристік маршруттар жасақталып, туристер мен туристік топтардан сұраныс болған жағдайда, ішкі туризммен айналысатын туроператорлар (ЖК Елешова, Планета КЗ, Afisha Travel) ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді.

Мұнайлы астанада Ресей мен Франция сияқты дамыған елдердегідей белсенді туристер саны артып келеді. Атырау облысының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Қарлығаш Бекбаеваның айтуынша, шетелдік қонақтар агроөнеркәсіптік кешен нысандарына, атап айтқанда, түйе, жылқы және басқа да шаруашылықтарға үлкен қызығушылық танытып отыр.

Өлке тарихымен, оның салт-дәстүрлерімен таныстыру мақсатында шолу экскурсиялар автобуспен және жаяу ұйымдастырылып келеді. Жаз мезгілінде Жайық өзенінің Каспий теңізіне құйылатын сағасында «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватына туристерді, қонақтарды апару қолға алынған. Резерват аумағында 2 бағытта «Табиғат әлемі» және «Су әлемі» атты экологиялық маршруттар бойынша 1000-ға жуық туристерді қабылдады.

Сонымен қатар, қала тұрғындары мен қонақтар Жайық өзенінің бойында теплоходпен серуендеуге мүмкіндіктері бар.

Туристердің қызығушылығын тудыратын бірнеше жерлер бар:

-Махамбет ауданындағы Сарайшық қалашығы;

-Индер ауданында орналасқан Тұзды көл;

-Жылыой ауданында Құлсары қаласынан 64 шақырым жерде орналасқан;

-Ақмешіт қорымы, Құлшан Ата, «Алтын адам» табылған Аралтөбе жері, Ақкерешігін, Иманқара таулары.

-Құрманғазы ауданындағы Қиғаш өзенінің жағалауынлағы туристік базалар және әлемде сирек кездесетін гүлдің Лотос алабы.

-Исатай ауданындағы Нарын құмдарын айтуға болады.

«2021-2025 жылдарға арналған Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарына» сәйкес, туризм саласында 338 жұмыс орнының құрылуымен 10,8 млрд. теңгеге 9 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Оның ішінде 1 жоба («Сарайшық» визит орталығы) бюджет есебінен салынса, 8 жоба жеке инвестиция есебінен салынууда.


Қазіргі таңда 4 жоба іске қосылды.

Атырау қаласында «Нұрлы тал» этно-паркі, Құрманғазы ауданындағы 2 туристік демалыс базалары, Мақат ауданындағы кемпинг. Одан бөлек жеке инвестициялар есебінен қонақ үйлер, туристік демалу базалары мен ойын сауық орталықтары салынууда.

Атырау облысындағы ең перспективалық және танымал туристік

нысандардың бірі – «Ортағасырлық Сарайшық» кешені.

«Ортағасырлық Сарайшық» кешенін бүгінде туристік тұрғыдан өңірдің визит картасы болып табылады. Қазіргі таңда, Сарайшық мемориалдық кешеніне келушілер саны жыл сайын артуда. 2022 жылы 16447 туристер келсе, 2021 жылы бұл көрсеткіш 12848 құрады. Төмендегі 12-кестеде 2021, 2022, 2023 жылдар аралығындағы «Сарайшық» музей-қорығына келушілер саны салыстырмалы көрсетілген.



Сурет 4 - «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығына келушілер саны салыстырмалы түрде

Ескертпе – [17] деректер негізінде автормен құрастырылды.

12-кесте – «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығын дамыту жоспарының техникалық-экономикалық көрсеткіштері

№	Нысанның атауы, жұмыс түрі	Жалпы ауданы, м <sup>2</sup>
1	Археологиялық жұмыс	162750
2	Реставрациялы - қалпына келтіру консервациялау жұмыстары және тарихи қайта құру жұмыстары	15268
3	Тарихи құрылысты қалпына келтіру бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары	118750
4	Тарихи реконструкциялар мен туристік жаяу жүргіншілер жолдарының аумағын абаттандыру	12354
5	Ландшафтты жұмыстар	
Ескертпе – мәліметтер негізінде автормен құрастырылды		

Көне «Сарайшық» қалашығы қазақ даласындағы киелі тарихи орындардың бірі. Ортағасырлық Сарайшық қаласын XIII ғасырдың ортасында Бату хан салған. Қала арқылы Европа елдерінен Хорезмге, сондай ақ Үндістан мен Қытайға негізгі құрлық керуен жолдары өтті. Сол кезде Сарайшық қолөнер мен сауданың гүлденген қаласы болды. Сарайшықта Жәнібек хан (1341-1357), Бердібек хан (1357-1359) және Жошы әулетінің басқа өкілдері тақа отырды. Мұнда Алтын Орланың хандары мен тарихи тұлғалары жерленген. Қала

құрылысында жүргізілген зерттеулер Алтын Орда кезеңіндегі қала мәдениеті бойынша үлкен материал жинауға мүмкіндік берді. Ортасырлық қала орнында археологиялық қазбалар нәтижесінде сағаналар-(көрханалар) –отбасылық жерлеу орындарды, алтынордалық кезеңдегі тұрғын-үй жайларды (бөлемелер, тандыр пештер, суфа), кесене орнын тамашалауға болады. «Хан моласы» қазбасы орнында элиталық көрхана анықталды.

Сарайшық (Сарайжүк) қалашығы (б.з. X–XVI ғғ.) қазіргі Атырау қаласынан 50 км қашықтықта, Сарайшық және Ескіқарайшық ауылдарының арасында, Жайық өзенінің оң жағалауында (Орал) орналасқан. Алтын Орда ұлысы ұлысының сауда орталықтарының бірі ретінде пайда болды (Сурет 5).

Қалашықтың археологиялық жазбаларының жанында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музейі орналасқан. Пантеонда ортағасырлық Сарайшықта жерленген хандарға арналған ескерткіштер қойылған. «Сарайшық» музей қорығы –өз жұмысын 1963 жылдан бастап қоғамдық негізде бастады. 1999 жылы Атырау облысы әкімдігінің шешімімен «Сарайшық» музей қорығын құру туралы шешім қабылданды.



Сурет 5 - Сарайшықтың картада орналасуы

Музейде Сарайшық қазбаларынан табылған жәдігерлер, сондай-ақ 15 ғасырдағы Сарайшық қаласының макеті ұсынылған. Сондай-ақ музейден басқа туристер этноауыл, хандар пантеоны, мешіт, ортағасырлық Сарайшықтың археологиялық қазбаларын, қазба жұмыстары кезінде қалпына келтірілген тұрғын-үй жайларды көре алады. Хандар пантеоны-кесененің биіктігі-14 метр. Сегіз қырлы, күмбезді жабыны бар. Сыртқы ою-өрнектермен қоршалған. Қабырғалардың ортасында ұлық ұлыстың үш ханы-Алтын Орда, Ноғай Ордасының үш биі және Қазақ хандығын басқарған Қасым ханға арналған



символдық құлпытастар орналасқан. Құлпытастарда қара мәрмәр тақтайшада хандардың, билердің есімдері және олардың билік еткен жылдары жазылған.

Ортағасырлық Сарайшық қаласының бас жоспары бойынша туристік бағыттары

Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының Сапар орталығы туристердің қалауына қарай төмендегі туристік бағыттарды ұсынады:

- Тарихи-танымдылық бағыт. Бұл бағыт ортағасырлық Сарайшық қаласының қалпына келтірілген барлық нысандарын қамтиды. Сапар орталығынан басталған саяхат Хандар кесенесі арқылы ортағасырлық қала қақпасынан өтіп, ашық аспан астындағы экспозицияны тамашалап, Хан моласына зиярат етіп, тарихи-этнографиялық саябақты аралайды. Ұзақтығы 1,5 – 2 сағат.

- Отбасылық бағыт. Бұл бағыт баларымен келген отбасыларға арналғандықтан саяхат барысында демалыс орындары да қамтылған. Көлікпен жасалатын бұл саяхат тарихи-этнографиялық саябақты аралаудан басталады. Сарайшықтың әсем аңызы – Секер көлдің жағасында демалып, саяхат мәдени-қолөнер аймағымен аяқталады. Ұзақтығы 1-1,5 сағат.

- Рухани бағыт. Аңыздар желісімен құрылған бұл бағытта ортағасырлық Сарайшық қаласында орналасқан киелі орындар қамтылған. Сапар орталығынан шығып, мешітте зиярат жасаған соң саяхат Хандар кесенесінен басталады. Ортағасырлық қала қақпасынан енген туристер Асау әулие, Хан моласы, Қыз әулиеге зиярат жасап, тарихымен танысып, Секер көлін тамашалап, Әз әулиеге барып тәу етіп, тарихымен танысумен аяқталады. Ұзақтығы – 1-1,5 сағат.


- Шеберлерге арналған арнайы бағыт. Бұл бағыт ортағасырлық қалада орналасқан мәдени-қолөнер аймағынан басталады. Қолөнер тарихына қызығушылық танытқан көрерменге шеберханаларды тамашалап, тарихымен танысуға мүмкіндік бар. Көрген әсерлерін Сапар орталығындағы қолөнер лабораториясынанда шеберлік сағатына ұластыруға жағдай жасалады. Бағытқа ортағасырлық Сарайшықтың қолөнеріне қызығушылық танытқан барлық туристер қатыса алады. Шеберлік сағатына қатынасқан әрбір көрерменнің өз қолымен қандай да бір бұйым жасап, оны өзіне естелікке алуына мүмкіндік болады. Ұзақтығы – 3 сағат.

- Спорттық бағыт. Туристердің қалауына қарай жаяу және велобағыт. Екі түрлі ұйымдастыруға мүмкіндік бар. Бірі Хандар кесенесі арқылы, келесісі Секер көл орналасқан тарихи-этнографиялық саябақ арқылы тас жолдың бойымен. Ортағасырлық қала орнындағы қалпына келтірілген барлық нысандармен танысып шығу мүмкіндігі болады. Ұзақтығы – 1,5-2 сағат.

Мешіт-Мешіттің ұзындығы 13 м, ені 6,50 м. Мешіт классикалық үлгіде, үсті күмбезді, қасбетіне айван жасалған, ішіне михраб, мінберлер қойылған. Қазақстанның киелі жерлері географиясына енген ортағасырлық Сарайшыққа келген туристердің зиярат етуі үшін салынған.

Жаңадан салынған Визит орталығы бірнеше ғимараттан тұрады, бұл әкімшілік ғимарат, қонақ үй кешені және қосалқы ғимараттар. Екі қабатты әкімшілік ғимараттың ішінде 100-150 адамға арналған экспозициялық –көрме

залдары, қор қоймасы, концерт зал бар. Зертханалық және реставрациялық бөлмелер, кітап қоймасы және электронды деректер базасы бар кітапхана ашылған. Кешен аумағында дәрістер өткізуге арналған алаңдар, ашық аспан астындағы музей және этноауыл орналасатын болады (Сурет 6).



Сурет 6 – Сарайшықтың қорғау аймағының көрінісі  
Ескертпе – «Сарайшық» музей-қорығы қорынан

Махамбет ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуында қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы саласы мықты дамыған. Ауданда өнеркәсіп жоқ. Аудан халқы өзін-өзі жұмыспен қамтып, облыс орталығы жақын болғандықтан қатынап жұмыс жасайды. Ауданның әлеуметтік – экономикалық дамуының негізгі факторларының бірі-туризм саласын дамыту болып табылады.

### 13-кесте – Аудан халқының жұмыспен қамтылу деңгейі

Жылы	Халық саны	Жұмыспен қамтылғандар	Жұмыссыздар
2020	29387	1904	782
2021	29688	2033	782
2022	29048	1517	689

Ескертпе – Махамбет аудандық статистика бөлімінен автормен жасақталған

Келушілердің 30 пайызы шетелдіктер, Атырау облысының тұрғындары 20 пайызды құрайды және еліміздің басқа облыстарынан келушілер 50 пайызды құрайды. Бұл жерде жеті ханның жерленген пантеоны, мавзолей, музей, археологтар жұмыс жасайтын 3 тарихи орындар бар.

Одан бөлек, Сарайшық Ұлы Жібек жолымен Қыпшақ хандығынан Хорезмге, Иранға, Үндістанға, Қытайға және де т.б. Еуропа мен Азияға жүріп өтетін сауда керуендерімен қауіпсіздік, сондай-ақ тұрақтылық бағытын қамтамасыз ету жолының стратегиялық рөлін ұсынды.

Президенттің тапсырмасынан кейін Сарайшық қалашығын дамыту жобасының тұжырымдамасын іске асыру бойынша 2023-2027 жылдарға арналған жоспар жасақталды.

Мақсаты: Сарайшық қалашығын дамыту жобасының тұжырымдамасын іске асыру (Қазақстан Республикасының Президенті Ұ.Тоқаевтың 2022 жылғы 8 қарашадағы Атырау облысына жұмыс сапары барысында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 35 тармағы)

Жоспар 5 жылға жасақталып, атқарылатын жұмыстардың уақыты мен міндеттері көзделген.

Сарайшық қалашығында 2023-2024 жылдары жүргізілетін археологиялық және реставрациялық жұмыстарының жоспары жасақталды. Жоспарда археологиялық жұмыстардың, ғылыми-реставрациялық жұмыстар жөнінде қарастырылған.

Сарайшықты дамыту үшін бірнеше туризм түрлерін атап өтуге болады:

1. Демалыс туризмі.
2. Рухани туризм
3. Экологиялық туризм
4. Этнотуризм
5. Жол туризмі
6. Сервистік туризм
7. Денсаулық туризмі
8. Ойын-сауық туризмі
9. Ғылыми туризм

Келесі туристік бағыттар қолға алынады:

1. Демалыс туризмі. Демалыс туризміне тоқталатын болсақ, демалыс-туризмнің ең маңызды аспектісі. Сарайшыққа келген туристерге арналған демалыс туризмін атап өтуге болады. Жайықтың арғы жағына өтіп, балық аулауды ұйымдастыру, арнайы қайықтар ұйымдастырып, сол қайықтармен балық аулауды ұйымдастыруға болады. Арнайы демалыс орынын ашып, сол жерге келген туристердің таза ауада демалуына жағдай жасау қажет.

2. Рухани туризм. Бұл жерде Ортағасырлық Сарайшықты дамытуда үлкен рөл атқаратын танымдық бағытты атап өтуге болады. Мүмкіндігінше мектеп оқушыларының, жоғары оқу орындарының Ортағасырлық Сарайшыққа барып, ежелгі тарихпен танысуына жағдай жасау. Яғни пәндік сабақтарында өтетін ежелгі Сарайшық туралы берілген теориялық сабақтарына практикалық негізде қосымша сабақ қосу.

3. Экологиялық туризм. Экологиялық туризмге біз нені жатқыза аламыз? Ең бірінші бізге қажетті таза ауа. Туристердің табиғатты шамадан тыс ластаудан қорғау шаралары.

4. Этнотуризм. Келген туристерге ұлттық тағам түрлерін ұсыну. Яғни келген туристер тек қана Сарайшық сапар ортылығы кешенін ғана

тамашаламай, ұлттық салт дәстүрлерімізге қанып, тамсанып кету қажет. Сарайшық Сапар орталығы кешенінің алдына әр аптаның демалыс күндеріне орай ұлттық тағамдар жәрмеңкесін ұйымдастыру. Сарайшық сапар орталығы кешеніне келушілерге арнап ұлттық тағамдардың түр-түрінен сатылымға шығару.

6. Сервистік туризм. Сервистік туризмді дамыту- ол туризмді дамытудың жоғары негізгі алғышарттары. Бұған (келген туристерді күтіп алу, барлық жағынан сервистік саланың қыр сырларын жетілдіру)

7. Ғылыми туризм. Махамбет ауданындағы «Ортағасырлық Сарайшық» , Ащысай, Қарағайлы – Алтын Орда мекендері тарихи тұлғалар жерленген орындар – көне мектептер орындары және де басқа да мәдени тарихи орындарды қамтитын ғылыми туризмді дамыту Ол үшін аудан көлемінде Қазақстандағы іргелі жоғары оқу орындары, ғылыми зерттеу институттары ғалымдарымен байланыс орнату маңызды.

Махамбет ауданының туристік әлеуетін дамыту факторларын SWOT-талдау нәтижелері 14 кестеде көрсетілген.

14-кесте – Атырау облысы Махамбет ауданының SWOT талдауы

<b>Күшті жақтары (Strengths)</b>	<b>Әлсіз жақтары (Weaknesses)</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>-Сарайшық және басқа да тарихи орындарды қоса алғанда, елеулі тарихи және мәдени мұраның болуы.</li> <li>- Табиғи ресурстар мен әдемі ландшафттардың байлығы.</li> <li>- Негізгі көлік маршруттарына қол жеткізу үшін ыңғайлы географиялық орналасуы.</li> <li>- Мәдени дәстүрлер, оның ішінде қонақжайлылық пен жергілікті әдет-ғұрыптар.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Шектеулі туристік инфрақұрылым, соның ішінде қонақ үйлер, мейрамханалар мен жолдар.</li> <li>- Ұлттық және халықаралық деңгейде ауданның маркетингтік жарнамасының жеткіліксіздігі.</li> <li>- Туристер үшін әртүрлі ойын-сауық және мәдени іс-шаралардың болмауы.</li> <li>- Аймақтағы өнеркәсіптік қызметпен байланысты ықтимал экологиялық сын-қатерлер.</li> </ul>
<b>Мүмкіндіктер (Opportunities)</b>	<b>Қауіптер (Threats)</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>-Мәдени, экологиялық және тарихи туризмнің әртүрлі түрлерін дамыту мүмкіндігі.</li> <li>- Инфрақұрылым мен туристік қызметтерді жақсарту үшін инвестицияларды тарту.</li> <li>-Жаңа туристік өнімдер мен қызметтерді құру үшін жеке сектормен ынтымақтастық мүмкіндігі.</li> <li>-Туристердің жаңа санаттарын тарту үшін тұрақты туризм сияқты жаһандық трендтерді пайдалану.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстанның басқа өңірлері мен туристік секторы дамыған көрші елдер тарапынан бәсекелестік.</li> <li>- Жаһандық және аймақтық экономикалық ауытқулардың туризм ағынына әсері.</li> <li>- Туризмнің немесе өнеркәсіптік қызметтің бақылаусыз дамуына байланысты қоршаған ортаға ықтимал жағымсыз әсерлер.</li> <li>- Әсер етуі мүмкін саяси және әлеуметтік факторлар</li> </ul>
Ескертпе: автормен жасақталған	

### **3. Атырау облысы Махамбет ауданында туризмнің әлеуетін арттыру бойынша тәжірибелік ұсынымдар**

Атырау облысы Махамбет ауданында туризмнің әлеуетін одан әрі дамыту

үшін Ескі Сарайшық шығыс бөлігінде этнотуризмді дамытуға, нақты айтсақ этнографиялық парк аумағын құруға болады.

Атырау облысы Махамбет ауданында туризмін дамытуға арналған шараларды төмендегідей өткізуге болады:

1. Туристер үшін керекті барлық қажеттіліктермен жабдықталған қоныстарда, ауылдарда жеке тұрғын үйлерді қонақүйлік мақсатта пайдаланып бизнес ашу;

2. Туристердің келуі үшін және оларды қабылдау үшін ауылдық жерлердегі экофермаларды бейімдеу;

3. Махамбет ауданында тұрғындардың, сол жердің тарихымен, тұрмысымен және дәстүрлерімен, сондай-ақ ұлттық тағамды әзірлеуімен танысуға мүмкіндік беретін туристердің ыңғайлылығы үшін қажетті барлық құралдармен жабдықталатын этноауылдар, киіз үй қалашықтарын салу;

4. Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында ауданда перспективалы этнографиялық бағыттағы мұражайларды ашу;

5. Қолөнерлерді жаңғырту және дамыту, ауыл тұрғындарын жеке ірімшік қайнататын өндіріс орындарын, былғары кәсіпорындарын, киіз кәсіпорындарын және т.б. ашу үшін ынталандыру.

6. Махамбет ауданында этнотуризмді дамыту мақсатында Ұлттық тағамдарды насихаттау бойынша «Ортағасырлық» гастротивалі, қолөнершілерді дамытуда «Киелі мекен» халықаралық қолөнершілер жәрмеңкесі, түркі тілдес халықтардың сән күндерін ұйымдастырып өткізуді қолға алу;

7. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» ғашықтар күніне орай Махамбет ауданына рухани саяхат жасап, ежелгі дәстүр – Неке қию рәсімін өткізу бойынша арнайы этнотуризм туры ұйымдастырып өткізу. (Сурет 7).

**Артықшылығы:**

- ✓ Қазақтардың ДНҚ-сын сақтаушы мәдени және рухани орталық ретінде өңірдің имиджін нығайтады;
- ✓ Түркістанның танымалдылығын арттыру және туристер ағынын арттыру үшін шығу тегіне оралу, қасиетті орында неке қию (аудитория 20-40 жыл) трендін пайдалануға болады.

**Жаңа туристік бағыт**

2 тәулікке қалу	неке қию рәсімі	жас жұбайларға сыйлық	тематикалық фотосурет/ видеотүсірілім
дәстүрлі бұйымдарды жалға алу	трансферт	ресторанды әрлеу	экскурсиялық бағдарлама

**Туристердің оңтайлы ағыны** - жылына **1000 жұп** (ҚР-да бір жылда тіркелген барлық некенің **0,7%**)

**Мақсатты аудитория:** Шымкент, Алматы, Нұрсұлтан, батыс және оңтүстік өңірлер.

**Сезон ашылуы:** **15 СӘУІР**

**Маусым:** жыл бойы, жоғары маусым-тамыз-қараша, ақпан, сәуір

Сурет 7 – «Neke tour» этнотуристік іс-шарасы

## 8. Жаңа мекендерді зерттеу

Махамбет ауданындағы Сарайшық-сақ, түркі заманындағы ескерткіштер – ортағасырлық ескерткіштер – діни мекендер – тарихи орындар – белді тұлғаларды жерленген орындары- Қызыл үй мектебі т.б. тарихи-мәдени ескерткіштерді өзара байланыстыру.

9. Ортағасырлық Сарайшықта 3 Ұлттық Құрылтай өтетін Сарайшық ауылында Ашық аспан астындағы музей жасақтау.

Ортағасырлық Сарайшықты ашық аспан астындағы музей жасау үшін тарихи-этнографиялық саябақ салып, XIX-XX ғғ тұрғын үйлерді қайта қалпына келтіріп, сол кезеңнің тұрмысының табиғи экспозициясына айналдыру қажет деп есептеймін (Сурет 8). Сонымен бірге, Секер көл мен жүзбелі көпір - аңыз желісі бойынша қалпына келтірілген нысан, демалыс орындарын салу туристтерді тартуда өзіндік ролі бар (Сурет 9).



Сурет 8- Тарихи-этнографиялық саябақ



Сурет 9 - Секер көл мен жүзбелі көпір

Этноауыл жобасы мынадай экономикалық артықшылықтары бар:

- тұрғындардың ұлттық стильдегі демалыс орындарын ұсыну арқылы табыс ағынын ұлғайту;

- өңірде экономикалық өсімі бар кәсіпорындардың қызметтерін қалыптастырады;

- мемлекет шотына салықтар мен басқа да әлеуметтік салымдарды аударады;

- жана жұмыс орындарын қалыптастырады.

Бұл мәселелерді шешу үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:

- Атырау облысы аймақтарында этнотуризм саласын дамытуды тиімді мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету;

- туризм саласына инвестициялар тарту үшін қолайлы қаржылық ахуал жасау;

- өңірлік туристік өнімді сыртқы және ішкі туристік нарықтарда ілгерілету;

- туристік өнімге бір немесе бірнеше ірі ресейлік туроператорларды тарта отырып, жергілікті кәсіпкерлер мен инвесторлар мен республикалық билік арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

- туристік салада өңіраралық және халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету.

Осы міндеттерді шешу Махамбет ауданының этномәдени демалыс үшін тартымды және гүлденген орын ретіндегі бейнесін жасауға, дәстүрлі қолөнерді жандандыруға, ауылдық аудандарға еңбек ресурстарын тартуға, ұлттық мерекелер мен фестивальдерді өткізуге ықпал етеді.

Қазіргі заманғы туризмді дамыту көбінесе баратын аумақтың мәдени және табиғи мұра объектілерін пайдалану негізінде жоспарланатынын және жүзеге асырылатынын атап өту маңызды. Бүгінгі таңда туристік, мәдени және білім беру кеңістігін жаһандандыру процестеріне, ақпараттық қоғам мен бұқаралық мәдениеттің дамуына байланысты ішкі және келу туризмін дамыту мақсатында мәдени-тарихи және этномәдени мұраны пайдалану проблемаларын қарастыру ерекше тәсілдерді қажет етеді. Этномәдени мұраның жойылуы мен жойылуының негізгі факторлары мен себептеріне мыналар жатады: 1) мәдени мұраның материалдық объектілерінің жай – күйінің табиғи нашарлауы; 2) материалдық және материалдық емес мәдениеттің ата-баба тасымалдаушылары-адамдардың ұрпақтарының табиғи кетуі; 3) жекелеген халықтардың этникалық мәдениетінің жойылуына әкеп соғатын қақтығыстар (саяси, ұлтаралық және мәдениетаралық); 4) сауатсыз мемлекеттік саясат 5) этномәдени мұра объектілеріне олардың келуінің өсуіне байланысты жүктеме күрт арта отырып, бұқаралық туризмнің өсуі.

Этноауылдың қызметін ұйымдастырып жүргізу үшін жалпы көлемде 10 персонал қажет. Қажетті персоналдар жобаның жұмыс жасауына жеткілікті деп есептелуде. Егер тұтынушылардың саны артқан жағдайда, қосымша жалдамалы жұмысшыларды алу жоспарлануда.

Жалдамалы қызметкерлерді таңдауда олардың кәсібилігіне және психологиялық дайындығына, сондай-ақ ұлттық тағамдарды ұйымдастыра алатын қызметшілерді, оның ішінде туристермен тіл табыса алатын қарым-

қатынасына да қаралады. Қызметкерлердің кәсіби шеберліктерін дамыту мақсатында, сондай-ақ қарым-қатынасты жақсарту үшін оларды оқытуға уақыт және ақша бөлінеді. Қызметкерлерді салалық оқу орындарынан ізделінеді. Баспа беттеріне, интернетке жарнама беріледі немесе кадрларды таңдау агенттігімен кеңесе отырып жұмысқа қабылданады. Сонымен қатар, қызметкерлер өз жұмысына асқан жауапкершілікпен қарайтынына кепілдік беріледі.

Атырау облысы тұрғындарының және Қазақстанның басқа да өңірлерінен келген туристердің демалысы үшін тұрақты алғышарттар мен жағдайлар жасау негізгі әлеуметтік нәтиже болады. Шетелдік тәжірибеде бір туристке қызмет көрсету шамамен 9 жұмыс орнын құратындығын ескере отырып, кіру туризмі арқылы аймақ тұрғындарының жұмыспен қамтылуын қолдайды. Табиғи экологиялық материалдардан жасалған этникалық елді мекендердің құрылысы аймақтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, медициналық және туристік қызметтердің барлық түрлерін халықаралық стандарттарға жақындатады, Атырау облысының имиджі мен тартымдылығын арттырады. Туристік объектіні құру және дамыту жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді.

Еңбекке деген қажеттілік Атырау қалаларының экономикалық белсенді тұрғындары мен туризм, демалыс және ойын-сауық индустриясымен айналысатын Атырау облысының басқа елді мекендерінен ауыл тұрғындарының едәуір көші-қонымен қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Ауыл шаруашылығын өндіруші өнеркәсіп дамиды, бұл аймақты жоғары сапалы азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Шағын және орта бизнес қарқынды дамып, салық өрісі кеңейіп, халықтың жұмыспен қамтылуы арта түседі. Отандық және шетелдік туристер ағыны өсіп, жергілікті бюджетке валютаның түсуіне ықпал етеді. Нәтижесінде, аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсаратын болады.

«Қолөнер орталығы» этноауыл жобасының қаржылық талдау нәтижелері көрсеткендей, жобаға салынған инвестициялық қаражат 34 айда кері қайтарылып өзін-өзі ақтайтыны анықталып отыр. Сонымен бірге, дисконттық жағдайда инвестициялық қайтарымдылық 44 айда қаражат кері қайтарылатынын көрсетуде.

Аталған жобаны іске қосу арқылы жергілікті аймақта мынадай әсерлерге қол жеткізуге болады:

- елімізде тұратын халықтардың мәдени, тарихи және басқа да құндылықтарын тану саласындағы бірқатар қызметтер ұсынуды көздейтін ірі туристік орталық қызметін іске қосылады;

- аймақта сан алуан ұлт өкілдері тұрады, олардың әрқайсысында құнды мәдениеті мен тарихы бар. Этноауылдардың салынуы бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді нығайтуға, Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға және дамытуға ықпал етеді;

- жыл бойында Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиялары, әлемдік және дәстүрлі діндер съездері, ұлттық құрылтай, этноауыл алаңында өткізуге болатын маңызды іс-шаралар және т.б. өткізіліп тұрады.



Ұсынылып отырған жобаның қаржылық және инвестициялық әлеуеті жоғары екені анықталып отыр. Атырау облысында этнотуризмді дамыту үшін бірегей ерекше жоба екенін атап өту керек және мұндай жобалар отандық және шетелдік туристердің саяхат бағдарламасын толықтырып, өңірдің туристік әлеуетін арттыруға септігін тигізетінін көрсетуде. Бұл жобалардың туристік нарықта өз орнын табуы үшін маркетингтік талдаулар мен жолдарын қарастыруды қажет етеді.

«Ортағасырлық Сарайшықты» дамыту еліміздің бай тарихының бір бөлігі - Сарайшықтың тарихи-мәдени мұрасын сақтау үшін маңызды. Магистрлік жобамның маңыздылығы- жыл сайын мұнда келіп жатқан туристердің саны артуымен байланысты, бұл өз кезегінде оларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруды керек етуде. Сондай-ақ, еліміздің әлемдік кеңістіктегі имиджін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Ұсынылған тұжырымдаманы іске асыру туристер ағынын арттыруға ғана ықпал етіп қоймай, жергілікті халық үшін жаңа жұмыс орындарын ашуға да көмегі тиеді. Сайып келгенде, бұл ұлттық туризмнің тартымдылығын айтарлықтай арттыруға әкеледі және Қазақстанның әлемдік туристік нарық жүйесіне енуіне ықпал етеді. Яғни, бәсекеге қабілетті туризм индустриясы құрылады.

Туризм индустриясы әлемдегі экономиканың ең қарқынды дамып келе жатқан секторларының бірі. Көптеген елдерде бұл мемлекеттердің табыстылығының анықтаушы факторы және экономиканың құрамдас бөлігі боп табылады. Президент «Облыстағы туризмді дамыту – маңызды міндеттің бірі. Әрине, Атырау мұнайымен әйгілі. Бірақ, мұнда туристердің қызығушылығын туғызатын басқа да рухани құндылықтар бар. Оны бүкіл Қазақстанның брендіне айналдыруға болады» дей келе, мұнай мен газға ғана үміт артпай, өңірде туризм секілді болашағы зор саланы да дамыту қажет екенін айқындап берді.

## Қорытынды

Магистрлік жобада келесі міндеттер қаралып, тиісті нәтижелер алынды:

1. Туризм саласының теориялық негіздері анықталды: зерттеу көрсеткендей, Қазақстандағы туризм өзінің алуан түрлі мәдени мұрасының, бірегей табиғи ландшафттарының және бай тарихының арқасында елеулі әлеуетке ие қарқынды дамып келе жатқан сала болып табылады. Еуразияның орталығында орналасқан Қазақстан туристік мүмкіндіктердің кең спектрін ұсынады.

2. Зерттеу Атырау облысының Махамбет ауданындағы әлеуметтік-экономикалық дамудың негізі ретінде туризмнің айтарлықтай әлеуетін атап өтті. Туризмнің теориялық аспектілерін талдау, озық шетелдік тәжірибені зерделеу, сондай-ақ аймақтағы туризмнің қазіргі жағдайы мен әлеуетін талдау туристік саланы дамытудың негізгі бағыттарын анықтады. Зерттеу нәтижелері инфрақұрылымды жақсартуды, жергілікті мәдениет пен тарихқа негізделген бірегей туристік өнімдерді әзірлеуді және жергілікті тұрғындарды туристік қызметке белсенді тартуды қамтитын кешенді тәсілдің қажеттілігін көрсетеді. Сондай-ақ, ауданның табиғи және мәдени ресурстарын қорғау үшін туризмді тұрақты дамытудың маңыздылығы атап өтілді. Тұтастай алғанда, бұл зерттеу туризмнің экономикалық және әлеуметтік даму құралы ретіндегі маңыздылығын атап өтіп, оны аналитикалық деректермен және практикалық ұсынымдармен нығайта отырып, оны Қазақстандағы туристік саланың дамуына маңызды үлес етеді.

3. Сарайшық Қазақстан мен Ұлы Жібек жолы тарихында маңызды рөл атқарады. Қала Шығыс пен Батыс арасындағы сауда жолдарында негізгі түйін ретінде қызмет етті, бұл оны бай мәдени және тарихи мұрасы бар орынға айналдырды. Бұл жер археологиялық олжаларға толы, оның ішінде ежелгі қабырғалардың, тұрғын үйлердің және қоғамдық ғимараттардың қалдықтары, сондай-ақ сол кездегі өмір мен мәдениетті баяндайтын көптеген артефактілер бар. Сарайшық Алтын Орда мен Қазақстан тарихы туралы көбірек білгісі келетін оқушыларға, тарихшыларға және тарих әуесқойларына айтарлықтай білім беру мүмкіндіктерін ұсынады. Мұражай кешендерін, ақпараттық орталықтарды, туристік маршруттарды құруды және қолжетімділікті жақсартуды қоса алғанда, Сарайшық төңірегіндегі туристік инфрақұрылымды дамыту туристік ағымды айтарлықтай арттыруы мүмкін.

4. Атырау облысы Махамбет ауылында туризмді дамыту үшін бірегей ерекше жоба екенін атап өту керек және мұндай жобалар отандық және шетелдік туристердің саяхат бағдарламасын толықтырып, өңірдің туристік әлеуетін арттыруға септігін тигізетінін көрсетуде. Бұл жобалардың туристік нарықта өз орнын табуы үшін маркетингтік талдаулар мен жолдарын қарастыруды қажет етеді.

5. Зерттеу барысында жасалынған ұсыным- туристер үшін керекті барлық қажеттіліктермен жабдықталған қоныстарда, ауылдарда гостевой бизнес салу; экофермаларды бейімдеу; этноауылдар, киіз үй қалашықтарын салу; этнографиялық бағыттағы мұражайларды ашу; қолөнерлерді жаңғырту және

дамыту; Ұлттық тағамдарды насихаттау бойынша «Ортағасырлық» гастротивалі, қолөнершілерді дамытуда «Киелі мекен» халықаралық қолөнершілер жәрмеңкесі, түркі тілдес халықтардың сән күндерін ұйымдастырып өткізуді қолға алу; неке қию рәсімін өткізу бойынша арнайы этнотуризм туры ұйымдастырып өткізу; түркі заманындағы ескерткіштер – ортағасырлық ескерткіштер – діни мекендер – тарихи орындар – белді тұлғаларды жерленген орындары- тарихи-мәдени ескерткіштерді өзара байланыстыру; Сарайшық ауылында Ашық аспан астындағы музей жасақтау.

Бұларды іске асырған жағдайда Махамбет ауданының туризмі айтарлықтай дамыры сөзсіз.

## Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Каирова А. А. Анализ развития туризма Казахстана //ҚазЭУ хабаршысы»–«Вестник КазЭУ. – 2013. – С. 58-59.
2. Кораблев В. А. Перспективы развития туризма в Казахстане //Вестник университета «Туран». – 2018. – №. 4. – С. 147-150.
3. Кенжебеков Н. Д., Матаева Б. Т., Кабдыбай А. К. Сервисная деятельность в индустрии туризма и гостеприимства Казахстана: проблемы и пути решения //Научный результат. Технологии бизнеса и сервиса. – 2017. – №. 1 (11). – С. 34-50.
4. Ешенкулова Г. И. и др. Привлечение туристов в сельский туризм в регионах Казахстана //Молодежный сборник научных статей «Научные стремления». – 2018. – №. 24. – С. 106-112.
5. Вечкинзова Е. А., Дарибекова А. С. Проблемы и перспективы развития туристической отрасли Казахстана //Креативная экономика. – 2021. – Т. 15. – №. 8. – С. 3403-3420.
6. Пашков С. В., Мажитова Г. З. Сельский туризм как детерминанта сервисной экономики староосвоенных районов Казахстана //Геополитика и экогеодинамика регионов. – 2021. – Т. 7. – №. 3. – С. 98-110.
7. Игенов А. Т., Туяков Р. С., Мусина К. П. Туризм в Республике Казахстан: проблемы и перспективы развития //Институты и механизмы инновационного развития: мировой опыт и российская практика. – 2017. – С. 22-26.
8. Мамраева Д. Г., Ташенова Л. В. Современное состояние туризма в Казахстане: ключевые тренды //Вектор экономики. – 2019. – №. 10. – С. 9-9.
9. Аубакирова Ж., Айтбембетова А., Сидоренко Е. Конкурентоспособность туристской отрасли Казахстана в условиях технологической модернизации //Вестник КазНУ. Серия Экономическая. – 2018. – Т. 126. – №. 4. – С. 190-201.
10. Мамраева Д. Г., Ташенова Л. В. Современное состояние туризма в Казахстане: ключевые тренды //Вектор экономики. – 2019. – №. 10. – С. 9-10.
11. Рей И. Ю., Жансагимова А. Е. Анализ развития туризма в Республике Казахстан //Большая Евразия: развитие, безопасность, сотрудничество. – 2019. – №. 2-1. – С. 296-298.
12. Тахтаева Р. Ш. Состояние, проблемы и перспективы развития инфраструктуры туризма в Республике Казахстан //Алтайский вестник Финуниверситета. – 2018. – №. 3. – С. 76-84.
13. «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы N 211 Заңы//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000211>
14. Панахова Ш. Б. Развитие туризма в Казахстане и России: сравнительный анализ //Экономика и парадигма нового времени. – 2019. – №. 2 (10). – С. 26-31.
15. «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021

жылғы 12 қазандағы № 728 қаулысы. URL:  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000728>. Жүгінген күні: 08.11.2023 ж.

16 Қазақстан Республикасының статистика агенттігі. URL:  
www.stat.gov.kz. Жүгінген күні: 08.11.2023 ж. Жүгінген күні: 08.11.2023 ж.  
Жүгінген күні: 25.10.2023 ж.

17 «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының 2022  
жылғы жылдық есебі. Сарайшық, 2023. -137 б.